



Республикалық жастар газеті Ақмешіт ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан
бастап шығады

...Мен
жастарға
сенемін!

Мағжан



№6 (646)
5 АҚПАН,
БЕЙСЕНБІ
2026 жыл

«Өзбекстанда жүріп «қазақ» болып едік, Қазақстанға келіп «өзбек» атандық...» деп күрсінді ол. Қайда барса да бөліп-жару мен қақпакылдың құрбаны болған қандастың осы бір ауыз сөзі терең ойға жетеледі. Оны тіпті «қандас» деп атаудың өзі кеудесінен кері итергендей сезім тудыратыны анық.

Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан тарихында ең ірі әрі ең ізгі үдерістердің бірі – шетелдегі этникалық қазақтардың тарихи отанына оралуы. Бұл жай ғана көші-кон емес. Бұл – үзіліп қалған тамырдың қайта жалғануы, бөлініп кеткен ұлттың қайта бірігуі, мемлекеттің тарихи әділетті қалпына келуі.

6-бетте



ҚАНДАСТАРДЫ ҚАҚПАЙЛАМАЙЫҚ



Ұялы телефонға үйігендер, Газет-журналдан түңілмеңдер!

ОҚЫРМАНҒА ОЙ САЛУ

Жалпыға ашық түрлі ойын, Жасырмай жазған сырлы ойын... Сенімді болған серігін, Жаздырып ал, «Сыр бойын».

Жалындаған жастарым, Аман болсын бастарың! Алындар жаппай жаздырып, «Ақмешіт жастарын».

Ғасырларға жетеді, Басасөздің байлығы... Естен шығып кетеді, «Сотканың» тез шайлығы.

Отырған жоқпын азғырып, Басканы босқа жазғырып. Өкінбейсің оқырман, «Аптальқты» ал, жаздырып.

Әр апта сайын қалыпты, Жазатын айқын анықты... Жанашыр жалпы жамағат, Жаздырып ал, «Халықты».

Баспасөз деген бақшанды, Бағалап, аз-маз ақшанды, Жаздырып ал, оқырман, Аптадағы «Ақшамды».

Халықтан не бар жасырын, Керемет барлық басылым. Қысқа ғана қайырдым, Өңгіменің ашығын.

Қазыбек ӘШІРБЕКҰЛЫ,
ардагер



33 ЖАСӨСПІРІМГЕ ҮКІМ ШЫҚТЫ:

ҚАЙ ЖЕРДЕН
ҚАТЕЛЕСТІК?



5-бетте



БІЛІМ САПАСЫ

Альфия АЙҒАЛИЕВА:
МЕКТЕПТІҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІНЕ ЕМЕС,
ҰСТАЗ ҰСТАНЫМЫНА БАЙЛАНЫСТЫ

Альфия Өмірсерікқызы – Сырдария ауданына қарасты Қоғалыкөл ауылында орналасқан №44 орта мектептің оқушысы. Таяуда ғана ол Гарвард, Назарбаев университеттерінің түлегі Әсел Амангелді ұйымдастырған Саммитте І орынды иеленіп ауыл баласының да ағылшын тілінен алда болатынын айқын дәлелдеді. Астанадағы Hilton холда өткен білім бәсекесінде Альфияның алған асуы ерек. Ол бұл жетістікке оңай қол жеткізген жоқ. Табандылықпен тер төгіп, еңбек етіп, ұстаздардың үмітін ақтауға білек сыбана кіріскен.

3

Әділбек ЕРСҰЛТАНОВ,

Қызылорда облысының аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы:

ӨЗ АУЫЛЫН

ТҮЛЕТҮГЕ НИЕТТІ ХАЛЫҚ САЙЛАҒАН

ЖАС ӘКІМДЕР БАР

Бүгінгі жас сайлауға жеңіл қарамайды. Әрбір дауыстың артында мол жауапкершілік жатқанын айқын сезінеді. Сайлауда олар тек дауыс берумен шектелмейді, бақылаушы, ерікті, ақпараттық-түсіндіру жұмысына қатысушы болып та белсенділігін байқатып жүр. Тіпті сайлауда өз кандидатурасын ұсынып жүргендер де жетерлік.

Дүниежүзілік сайлау күні қарсаңында Қызылорда облысының аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Әділбек Ерсұлтановты әңгімеге тартып, бүгінгі сайлаудағы жастардың белсенділігі жайлы сұраған едік. Мұнан бөлек, өңірде халық сайлаған жас әкімдер туралы да қызықты дерекке куә болдық.

4

ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІ:

НЕГЕ САПАДАН ГӨРІ САҢҒА ЖҰМЫС ІСТЕЙМІЗ?



Қай заманда да елдің дамуын айқындайтын басты өлшемнің бірі – еңбек өнімділігі. Жердің асты-үстіндегі байлық та, қазынаға құйылған қаржы да, халықтың тұрмыс сапасы да тікелей адамның қалай және қаншалықты тиімді жұмыс істейтініне байланысты. Осы тұрғыдан келгенде, кейінгі жылдары Қазақстанда «еңбек өнімділігі» ұғымы жиі айтылғанымен, оның мазмұны мен іс жүзіндегі көрінісі арасында алшақтық бар екені жасырын емес. Бір жағынан, цифрландыру, онлайн жұмыс, фриланс, таргет, SMM сияқты жаңа бағыттар дамып келеді. Екінші жағынан, әлі күнге дейін жойылмай келе жатқан қағазбастылық, қажетсіз сөсп-қисап, формальді талаптар мен тиімсіз еңбек ұйымдастыру жүйесі қоғамның жүйкесін жұқартып отыр.

5-бетте

Мемлемет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялаған еді. Президент «*Turkistan*» газетіне берген сұхбатында: «Қазақстан цифрлық державаға айналуы керек. Бұл – қазіргі жаңа технология дәуірінде өркениетті ел болып қалудың бірден-бір жолы. Халқымыздың ой-санасы мұндай инновацияларға дайын екеніне сенімдімін. Қазақстан да экономика мен қоғамдық өмірге жасанды интеллектіні енгізуге басымдық беріп жатыр. Еліміздің бұл жұмысқа қатысты бастапқы мүмкіндіктері жаман емес» деді. Расында цифрлық елге айналуды мақсат еткен ел үшін бұл нақты қадамдардың бірі. Дегенмен таяқтың екі ұшы болатыны секілді, жасанды интеллекттің адам өміріне еніп келе жатқанының теріс жақтары бар екенін де жасырмаймыз. Соның салдарынан барлық салада еңбек адамы азаятын болады. Бұл бірден болып кетпесе де, дәл осы жылы еліміз бұл бағытқа ерекше назар аударады. Ендеше, жасанды әлемді жан-жақты саралап көрелік.

«Алиса» адамды ауыстыра ала ма?

Ашығын айтайық, жаңа тынысы ашылған ЖИ адам өміріне етене араласты. Кез-келген сұраққа мимен ойлануға ерінетін жастар ЖИ-дің көмегіне жүгінуді әдетке айналдырып барады. Тіпті, үйдің өзінде виртуалды көмекшінің атқаратын жұмысы орасан. Осы ретте бір оқиғаға еске түседі. 2024 жылдың жазында жігіттермен Астана қаласында белгілі бір мөлтек аудандағы тұрғынның үйіне электр желілерін жаңартуды қолға алдық. Жалғызбасты әкенің екі қызына арнайы тұрғызып берген 3 қабатты «шаңырағы» екен. Ханшайымдар сарайынан кем емес. Қос қызы бұл үйге жылына бірнеше мәрте ғана келіп түнейді. Оның үстіне тек елге «демалуға» келгенде ғана... Олай дейтінім, екеуіде шет елде білім алады. Бірақ үйде күтуші ғана тұрады. Бәрін қойшы, сонымен 16 бөлмеден тұратын баспананың желілері жаңартылды. Сол тұста бірнеше күн бойы «Алисамен» сөйлесумен болдық. Есікті ашқаннан перделерді ашқызып, әуенді әуелетіп, желдеткішті қосып қоятынбыз. Алғашында таңқалумен болдық. Ал күтуші таңнан кешке дейін Алисамен тілдесіп, оған түрлі сауал қойып, мұның шағып отырады. Белгісіз кейіпкерді бір туғаны мен туысынан жақын қылып алған. Кезбен көрсен, не күлерінді, не жыларыңды білмейсің. Сол сәтте болшақта адамдардың орнын цифрландыру басатынына көзім жеткен. Жуырдаәлемжеліденжапониялық ару өз сөзінде ЖИ-мен ортақ тіл табысып, сырласып, соны махабатқа ұласқанын айтыпты. Осылай ЖИ адамдардың бүгінде жұмысын ғана жеңілдетіп қоймай, олардың өмірлік серігіне де айналып үлгеріпті. Үлкен де, кіші де ЖИ-дің көмегіне жүгінетін болды. Әйтеуірі көпшілік Алисаны теледидар қосы, оны қайтып өшіру, музыка қою секілді жұмыстарға жазсағанға таптырмайтынын айтып, сандық технологияның шарапатына дән риза.

Білім саласы ЖИ-ге жақын

Осы мәселе төңірегінде тағы мәселе бар. Ол бүгінгі жастардың жасанды интеллекттің жұмысына сүйенуді әдетке айналдырғаны. Зерттеуші мамандар ЖИ-ға жиі жүгінетін саланың ішінде білім саласы көш бастап тұрғандығын айтады. Бүгінде мектептен үйге берген тапсырманы мимен емес, ЖИ-мен оқитын балалар көбейді. Мұғалімдер де күнделікті сабақ барысында, қысқа мерзімді жоспар дайындау, әртүрлі әдістемелік тапсырмаларды орындау кезінде, көрнекі құралдарын жасауда жасанды интеллектінің көмегіне жиі жүгінетінін жокқа шығармайды. Жуырда «Әдебиет порталында» жазушы Жадыра Шамұратованың «Келешекте шығарманы ЖИ жаза ма, әлде ми жаза ма?» деген мақаласы жарияланды. Аталмыш мақалада қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы, жазушы Самал Зікірияқызы қазіргі білім беру жүйесінде кеңінен қолданылып жүрген ЖИ-дің пайдасы қандай, зияны неде екенін тәжірибеде кездесетін жағдаяттармен пайымдап, өз пікірін былай түйіндейді: «Біраз уақыт үй шаруасындағы әйелге айналып, мектепке осыдан алты жыл бұрын оралдым. Мен кеткенде өтетін сабағымыздың «дәстүрлі» деп аталатынын қайтып келгенде білдім. Өйткені жаңа келмей, ескі «дәстүрліге» айналмайды. Дәстүрі қарапайым, жүйелі

сабақ арман болды сонда маған. «Жаңа бағдарлама» деген дардай аты бар методиканың тамыры жуандап, тереңдеп, шырмалып кетіпті. Сабақтар түрлі тәсілдермен өтеді. Ойындармен десе де болады. Замандастарым мұндай тәсілдерді ашық сабақтарда көрсететін. Ең алдымен парталарды сүйреп қосып, оқушыларды топқа бөледі. «Топтық тәсіл» – жаңа бағдарламаның – «көзірі» екен. Өтіп жатқан сабақтар шикілеу көрінетін. Шоуға ұқсай ма...

Жаңа бағдарламаның қателігі мен кем-кетігін айтсаң таусылушыңды ғой, қайсыбірін санайсың. Сондай сабақ өткенді жаңа бағдарлама тілінде «креативті мұғалім» деп аспандатады. Негізгі ойға ауайын. Енді «Сабақты ЖИ-мен өту керек!» деген тапсырма келді. «Келді» ғана емес, шұғыл кірісіп кетті білім ордалары. Мектеп бар ғой, өкіметтің эксперименттік аймағы секілді. Бірденені егжей-тегжейлі зерттеу, зерделеу деген жоқ, не қылтиса соны «заманауиға» бағып, алқынып шыға келеді.

Басқа басқа, болашақпен, біліммен ойнауға бола ма? ЖИ-дың бір аты – интеллект, бір аты – Жасанды емес пе?! Яғни, ЖИ – компьютерлер мен машиналарға адамның ойлау, үйрену, есте сақтау, тіл түсіну сияқты қабілеттерін (еліктетіп) үйрететін технология. Қазіргі заман онсыз да жасанды интеллектіден тұрады. Мұны бала бізден артық пайдаланбаса, кем пайдаланбайды. Оны сабаққа жамаудың қажеті қанша? ЖИ-дің пайдасы мен зиянына тоқталайын. Пайдасы – уақыт үнемдеу, дерекке тез қол жеткізу, робототехниканың дамуы, кез келген ғылыми тақырыптарды өз тілінде тәржімалап алу және оңай әрі тез орындалатын іс. Ал зияны – ойлау қабілетінің тежелуі, жалқаулыққа дағдылану, ақпараттың рас, өтірік екенін ескіей алмау, түйсіктің мешелдікке ұрынуы. Ең қорқыныштысы – ЖИ онсыз да адамды роботпен алмастыру заманына әкеле жатыр.

Онда жылдамдық болғанымен, түйсік жоқ. Яғни, пайым жоқ. Енді елу жылда роботтар адамнан ақылды болса, өзіміз құрбан болуымыз әбден мүмкін. Жұтылып кету қаупі басым. Сабақ – білімнің негізі. Ол ғана емес, ойландыру, көркем, мәдениетті, дұрыс сөйлеу дағдысын қалыптастырушы фактор. АҚШ ғалымдарының ЖИ-дің қауіптері жайлы дабыл қағып жатқанын әлем білмей ме? Не болса соны сабаққа қосамжарластыру қандай ойсыздық? Нейрондық желілер мен ойындар онсыз да иттің жүніндей қаулап, көбейіп келеді. Бұл – машина. Бұл – робот. Жаңа бағдарламада шығарма жойылып, орнын эссе басқан. Не деген ақымақтық? Шығарма – эссе емес. Ал шығарма жазбаған баланың ойлау, сөйлеу шеберлігі дамымайды. Ол қайтіп эссе жазады енді? Эссе баланы сыни пікірге тәрбиелейді-мыс.

Эссені, яки жаңа бағдарламаны қолдаушылардың, актаушылардың, қорғаушылардың уәжі осындай. Шығарма жазбаған баланың тілі шорқақ, ойы кедей болады. Шыдамады. Ебін тауып, (ұрланып десем де болады) шығарма жаздыратынын. ChatGPT шыққалы бұл амалымның да күлі көкке ұшты. Оқушы ЖИ жазған шығармаларды көшіріп келетін болды.

Былайынша тәп-тәуір-ақ дүние, бірақ, мұғалім ғана емес жазушымын ғой, шығарманың ішкі табиғатына зер салсаң, «жасанды шығарма» екені көрініп тұрады. Әр жерден жұлынған, ұрланған, құрастырылған мәтіннің идеялық, көркемдік, грамматикалық кемшілігі белгілі. Осылай, «шығарма



ЖИ ЖӘНЕ МИ

жазуға тәрбиелеймін» деген арманымнан да айырылып қалдым. Қысқасы, ЖИ – құмартатын дүние емес.

Керісінше, сақтық керек! Адамы қайсы, роботы қайсы, айырғысыз заман онсыз да ентелеп келеді. Адам түйсігін иемденген машиналар қате бағдарлама, қате оқулықтардан білім алып жатқан бізді басып озып, өзімізге бой бермейтін «түмсікке» айналары анық. Адам роботтан ақылды болу үшін не істеу керекті ойланаық!».

Мұғалімдер мен мамандар пікірі

Жазушы қоғам өкілдерінің алдына осындай күрделі ой тастайды. Назар аударатын мәселе. ЖИ-дің білім беру ісіне де белсенді араласа бастағаны біраздан бері айтылып жүр. Пікір сан алуан. Сұрақ та көп, алаңдаушылық та басым. Сол сауалды мамандарға да қойып көрдік. Жуалылық информатика пәнінің мұғалімі де ЖИ-ді шамадан тыс пайдалану баланың жеке тұлға ретінде дамуына зиянын тигізетінін алға тартты.

– Жасанды интеллектіні шектен тыс қолдану немесе оны дұрыс бағытта пайдаланбау оқушының тұлғалық дамуына теріс әсер етуі мүмкін. Сол себепті ЖИ тек көмекші құрал ретінде қолданылуы тиіс. Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас, тәрбиелік ықпал және ұлттық құндылықтарды сіңіру – ешқашан жасанды интеллектінің міндетіне айнамайды. Бұл – тек адамға тән қасиет, – деді білікті мұғалім Шолпан Әжіқұлова.

Ал ChatGPT шыққалы үздік оқушы атанып келген оқушы Қарақат Қайратқызы (кейіпкер есімі өзгертілген) жуырда жекеменшік мектепке ауысып, мимен жұмыс істеудің қаншалықты қиын соғып жүргенін жасырмады. – Биылғы жаңа оқу жылында ата-анам мені жаңадан ашылған жекеменшік мектепке ауыстырып жіберді. Мұнда тәртіп өте қатал. Күнде азанғы сабақта сынып жетекшіміз ұялы телефондарымызды жинап алады. Кешке сабақтан қайтатын кезде ғана қолымызға ұстатады. Үй тапсырмасын да осында орындайтын болғандықтан, барлық сабақты ойланып оқуға тура келіп жүр. Бұрынғы оқыған мектебімде ұстаздарға көрсетпей, күнде сабақта, әсіресе БЖБ,ТЖБ тапсырмаларын орындау кезінде, эссе, шығарма жазатын кездерде ChatGPT-мен барлығын жазып, жақсы баға алатынмын. Үй тапсырмасын да ЖИ-мен қанттай етіп орындайтынмын. Қазір бұл алаңсыз күндерім көзден бұлбұлдай ұшты. ЖИ-ға үйреніп алғаным соншалық, алғашқы тоқсанда-ақ, қорытынды бағам нашарлап кетті. Енді соны дұрыстауға күш салуым керек, – деді 7-сынып оқушысы ағынан ақтарылып.

Көкейдегі кез келген сұраққа ЖИ-дің жылдам жауап беретіні рас. Бірақ оның жауабының барлығы жүз пайыз дұрыс шығады дегенге де сену қиын. Бұған жазушы Ардақ Үсейінова ЖИ-мен екеуара диалогта көз жеткізгенін айтты.

– Қысылып өткен өмірден Көсіліп жатар көр артық, Демеуі кемшін туыстан Елеуі күшті ел артық, Пейілсіз берген қайырдан, Пейілмен айтқан сөз артық, Көкірегі соқырдан, Ағып та түскен көз артық, Ар-ождан қымбат

адамға, Алмағайсың жоғалтып, Кердендеп баспа керіліп, Біреуден сенің нең артық, – өткенде осы өлеңнің авторын сұрап ЖИ-ға сұрақ қойдым. Өлеңнің авторын Бауыржан Момышұлы деді. Қой ей, бұл сөз Баукең өмір сүрген уақыттан бұрын бар болатын дедім. ЖИ кешірім сұраймын дегенім, тағы да берідегі Жұбан Молдағалиевтың өлеңі деген нұсқа ұсынды. «Жұбан болуы мүмкін емес», деген дәлелімді алға тартқаныма қарамай, тағы бертіндегі бірнеше ақындардың есімін айтты. Мен де қайтпай, бұл бұрын қалған сөз екенін ескерттім. Шамалы кідіріп барып, «Ақтанберді жырау» деді, тағы біреулердің атын атап арыға салды. Менің де қайтар ойым жоқ, авторын анықтап бере алмайтынын білсем де, оның сөзіне келмейді дедім, қайтадан берідегілерге телді. Олай емес дедім, ақыры миы ашып, дұрыс жауап бере алмады. ЖИ-ға сеніп жүргендер, ертең біреудің сөзін біреуге теліп, масқара боламыз-ау дедім сосын. Ақыры, сол өлеңнің кімдікі екені гуглда да жоқ болып шықты, авторы айтылмаған, жай сөзінің дәл айтылғанын әркім басына түскен жағдайға қарай сезініп оқып салып жүр екен. Біреуі авторын атамаған. Алдағы уақытта авторын кітапханаға барып тауып алу керек. ЖИ-ға түбегейлі сенсең, шатасып, тура жолдан адасып қалуың мүмкін, – дейді Ардақ Жаңбыршықызы.

Әлем елдеріндегі жағдай қандай?

Сөз басында айтқандай, әр нәрсенің жаман және жақсы жағы қатар жүретіні бұлжымас заңдылық. Соған қарамастан қазір цифрлық технологиялар жаһандық еңбек нарығын жылдам өзгертіп жатыр. Әлемде жасанды интеллектімен жұмыс істеудің қыр-сырын білетін мамандарға деген сұраныс та жыл өткен сайын артып келеді. Бұл бағытта біздің елімізде де жоспарлы жұмыстар жасалып, бүгінде қарқынды жүргізілуде. Қазақстан жасанды интеллекті технологияларын дамытуға арналған ұлттық заңнамасын бейімдеу бойынша әлемнің үздік 15 мемлекетінің қатарына енді. Бұл жөнінде Сенаттың кеңейтілген отырысында депутат Бибігүл Аққожина мәлімдеді. Оның айтуынша, еліміз цифрлық даму саласында тұрақты ілгерілеу көрсетіп келеді. «Стэнфорд университетінің AI Index Report есебіне сәйкес, Қазақстан жасанды интеллект саласына бейімделген заңнамасы бар әлемнің үздік 15 елі қатарына енді.

Бүгінде бұл бағытта 11 өңірде 27 жоғары оқу орны мен 6 ғылыми институт белсенді жұмыс істеп жатыр. Зерттеу жұмыстарына 479 ғалым тартылған. Сала бойынша 62 жоба іске асырылуда. Олардың басым бөлігі Алматы мен Астанада шоғырланған. Әсіресе озық өндіріс, цифрлық технологиялар, ғарыш және медицина салаларына ерекше көңіл бөлінуде», – деді депутат жасанды интеллект туралы заңды талқылау кезінде.

Естеріңізге салсақ, Сенаттың кеңейтілген отырысында «Жасанды интеллект туралы» заң қаралды. Сондай-ақ Сенат спикері Мәулен Әшімбаев Қазақстанда диффейк жасайтындар қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін екендігін айтты. Қазақстанда қазақ

тілінде сөйлей алатын дыбыстық тілдік жасанды интеллект моделін әзірлеу жұмысы жүріп жатыр. Ал бұл туралы Жасанды интеллект және цифрлық даму вице-министрі Дмитрий Мун мәлімдеген еді. Оған қоса ол «Самұрық-Қазына» ұлттық әлауқат қорының директорлар кеңесіне SKY атты ЖИ-ассистент енгізілуіне қатысты пікір білдірді. Оның айтуынша, қазақ тіліндегі сапалы дыбыстық ЖИ жүйесін жасау – техникалық тұрғыдан мүмкін. Бірақ көп еңбекті, уақытты және айтарлықтай көлемдегі дыбыстық деректі қажет ететін күрделі процесс.

– Дұрыс сөйлейтін жүйе жасау – техникалық тұрғыдан мүмкін нәрсе. Ол үшін бізге уақыт пен әр аймақтың дыбыстық жазбалары қажет. Сонда ғана қазақ тіліндегі толыққанды дыбыстық тілдік модель жасай аламыз, – деді Дмитрий Мун.

Демек бұл сөзге сенетін болсақ, қазақ тілінде сөйлей алатын жасанды интеллектті дамыту – ЖИ технологияларын ұлттық тіл мен мәдени контекстке бейімдеудің маңызды қадамына айналады. Санылы ғұмырында ақпараттандыру саласының қыр-сырын зерттеп, еселі еңбек етіп келе жатқан белгілі ғалым Есен Бидайбеков ешбір жаңалық ғайыптан пайда болмайтынын, оған ғылым мен ізденіс әсер ететінін айтты.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың соңғы Жолдауын «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» деп тектен-текке атаған жоқ. Қазақстан Президенті әлемнің қайда бара жатқанын анық көріп-біліп, болашақты болжап отыр. Жасанды интеллектіні адам жасайды, оны оқытады, үйретеді. Демек бәрібір адамның көмегінсіз ештеңе өнбейді. Жасанды интеллект адам жасаған білімді пайдаланады, сол арқылы қабілетті болады. Ендеше оны дайындайтын мамандарды оқыту қажеттілігі тұмай ма? Сондықтан информатика пәні білім беру саласында ешқашан артық пән болмайды. Біз информатика пәнін оқыту арқылы халыққа дұрыс білім беріп, ақпараттық технологияға, жасанды интеллектіге бағдарлаймыз. Жасанды интеллект бізге бәрін жасап бермейді, оның қабілетін күшейтетін, өмірге пайдалы ететін өзіміз. ЖИ-дің сан түрлі технологиясының өзінің жетілуі – мидың ізденісінің жемісі. Сондықтан бүгінгі жұмыс үдерістерінің едәуір бөлігі цифрлық технологияларды енгізу арқылы автоматтандырылатыны анық. Сол себепті менің тапсырмаммен 100 мыңға жуық студентті технологиялық жобаларға тартуды көздегінін AI-Sana бағдарламасы жүзеге асырыла бастады. Алайда жасанды интеллектімен жұмыс істеу құзыретін қалыптастыру әлдеқайда ерте жастан, яғни мектеп қабырғасынан қолға алынуға тиіс. Осыған орай бірқатар бастаманы жүзеге асырған жөн. Ең алдымен, мектеп оқушыларына арналған жасанды интеллект негіздері туралы бағдарлама және оқу материалдарын әзірлеу қажет, – дейді ғалым.

Расында адам баласын адам еткен – оның ақылы, ойлау қабілеті мен санасы. Тіпті, ЖИ-ді ми басқарып отыр. Сондықтан ЖИ жетпеген биіктікке МИ сөзсіз жетеді.

Нұр БАҚЫТ

ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІ ҚАЙТА ӨРЛЕУ ДӘУІРІНІҢ БАСТАУЫНДА ТҰР

1913 жылдың 2 ақпанында Орынбор қаласында алты Алаштың айбынына айналған тұңғыш ұлттық басылым – «Қазақ» газеті жарық көрді. Алаш арыстары Ахмет Байтұрсынұлы газет ұйымдастырушысы әрі тұңғыш редакторы болса, Міржақып Дулатұлы оның ресми шығарушы өкілі болды. Газет ұлт енесін көтеруге үндейтін, ұлттық идеяны насихаттайтын өзекті мәселелерді көтерді. «Қазақты» шығаруға Әлихан Бөкейхан сынды ұлт көшбасшылары да атсалысып, басылымның бағыт-бағдарын айқындауда ерекше рөл атқарды. Үш арыстың – Байтұрсынұлы, Бөкейханұлы, Дулатұлының кәсіби білігі мен қаламгерлік шеберлігі арқасында газеттің алғашқы сандарынан-ақ бүкіл қазақтың мұң-мүддесін арқау еткен үлкен басылым дүниеге келгені байқалды.

Алаш зиялылары газетті ұлтты оятудың құралы ретінде көрді. Міржақып Дулатұлы «Қазақ» газетінің миссиясын «қазақ жұртына мәдени есік әрі жат жұрт жағынан күзетшісі болсын» деп бейнеледі. Ахмет Байтұрсынұлы газетті «халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деп атап, «адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет солай керек» деген еді. Шынында да, қысқа уақыт ішінде-ақ бұл басылым ұлттың айнасына айналып, халық пен билік арасын жалғайтын көпір қызметін атқарды. «Қазақ» газеті 1913-1918 жылдары 265 нөмір шығарып үлгерді. Сол санаулы жылдарда Алаш ардақтыларының мақалаларын жариялап, қазақтың ұлттық санасын оятқан тегеурінді басылым болды. Таралымы алғашқыда 3000 данадан басталып, 5 жыл ішінде 8000-ға жетіп, Еуропа, Түркия, тіпті АҚШ жеріне дейін оқырман



тапқаны – осының дәлелі. Зерттеушілер «Қазақ» газеті қазақ қоғамында ұлттық күрес идеясын өрістетіп, ұлттың санасын серпілткен тарихи басылым болды деп бағалайды. Бұл басылым мұзжарғыш кеме іспетті, өзінен кейінгі қазақ газеттеріне жол ашып, қазақтың әдеби тілінің таза үлгісін қалыптастыруға ықпал етті. Қазақ баспасөзі бір ғасырға жуық уақыт ішінде ұлттық руханият пен қоғамдық ойдың ұйытқысына айналды. Басылымдар арқылы қазақ зиялылары халыққа білім мен мәдениетті насихаттап, елдік мүддені қорғаудың құралын жасады. Кеңес заманындағы қатаң цензураға қарамастан, газет-журналдар ұлт рухын жасырын болса да көтеруді жалғастырды. Төл баспасөзімізде айтылған идеялар кейін мемлекетіміздің қалыптасуына ықпал етті деуге болады. Ал тәуелсіздік дәуірінде қоғамдағы жаңғыру үдерістерін, тіл мен дәстүр мәселелерін, азат ойды алға тартуда баспасөздің рөлі айрықша көрінді. Рухани мәдениетіміз бен

елдік санамыздың деңгейін бағамдасақ, осы жүзжылдықта халықтың нені сүйіп оқығанынан-ақ баспасөздің ықпалы каншалықты терең болғанын аңғаруға болады.

Бүгінде ақпараттық кеңістік мүлде жана сипат алды. Теледидар, интернет пен әлеуметтік желілер үстемдік құрған дәуірде дәстүрлі газет-журналдың оқырманы күрт азайды. Жастар түгiлi, бұрын газетке жазылатын аға буынның өзі сиреп барады. Көпшілік «газеттің дәуірі өтті, орнын интернет басты» деген пікірге бейім. Шынын айтқанда, қазіргі кезде көптеген газет тек мемлекеттік тапсырыс пен азын-аулақ жарнамаға сүйеніп күн көріп отыр, тұрақты оқырман саны тым

шектеулі екені жасырын емес. Оқырманның азайғаны рас, оны баспасөз жанашырлары да мойындайды. Дегенмен бұл үдерісті асыра драма-лаудың жөні жоқ.

Ең бастысы, баспасөздің бағыт-бағдары мен қоғамдық миссиясы өзгерген жоқ, өресі биік кәсіби журналистика өз бағасын жоғалтқан емес.

Медиа саласының сарапшылары дәстүрлі басылымның құндылығы уақытша құлдыраудан соң қайта таныларына сенімді. «...Қазіргі уақытта баспасөзді де іздеп жүріп оқитын адам қарасы азайғанымен, бұл оның заманы өткенін әсте білдірмесе керек. Өйткені жазу да – театр секілді өнер. Оны бағалайтын көзіқарақты оқырман бар кезде, газет халықтың көзі, құлағы һәм тілі боп қала бермек» деп жазады тәжірибелі қаламгерлер. Расында, жылт еткен жедел жаңалықтар легі әлеуметтік желіде тез тарағанымен, салмақты сараптама, терең талдау жасайтын газеттің орны бөлек. Білімді, талғампаз оқырман азайса да, басылым мүлде жоғалған жоқ, баспасөз сол аз санды оқырманымен өз биігін сақтап келеді.

Осы тұрғыда ел басшылығы да ұлттық баспасөздің қоғамдағы рөлін жоғары бағалап отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жыл басында «Turkistan» газетіне берген

сұхбатында дәстүрлі басылымдар дәуірені жаңғырып келе жатқанын атап өтті. Президенттің айтуынша, «Газет-журналдар қайта өрлеу дәуірінің бастауында тұр. Әлеуметтік желі адамның ойлау қабілетіне зор зиян келтіріп жатыр. Қазіргі уақытта баспасөз заман талабына бейімделіп, ақпарат айдынынан өз орнын тауып отыр» деп, баспасөздің қоғамға керек екендігін айқындап берді. Тоқаев журналистердің бүгінгі басты мақсаты жан-жақты шолу жасап, терең сараптама ұсыну, ағартушылықпен айналысып, дәстүрлі құндылықтарды дәріптеу екенін айрықша атап, өзі де жас кезінен баспасөз оқуды әдетке айналдырғанын тілге тиек етті.

«Адырна» ұлттық порталының хабарлауынша, елімізде бұқаралық ақпарат құралдарының саны жылдан-жылға артып келеді. 1991 жылы бүкіл елде бар-жоғы 10 шақты республикалық газет-журнал болса, 2026 жылдың қаңтарындағы дерек бойынша елімізде 5 062 БАҚ тіркелген, оның ішінде 3 081-і мерзімді баспасөз, яғни 1 932 газет және 1 149 журнал бар екен. Газет нарығында ішкі бәсеке де орасан зор. Мыңнан аса газеттің әрқайсысы өз оқырманы үшін күреседі, мазмұн мен сапада жарысады. Бұл бәсеке бір жағынан пайдалы. Журналистер таланты шыңдалып, әр басылым өз бет-бейнесін қалыптастыруға тырысады. Екінші жағынан, газет саны көп болған сайын жұрттың назарын ұстап тұру қиындай түседі. Әлеуметтік желілердің әсерімен ақпарат тұтыну әдеті өзгерген заманда әр басылым оқырманға таласып, түрлі амал жасауда. Біреулері электронды жазылым ұсынады, енді бірі дизайн мен форматты өзгертеді, енді бірі эксклюзивті сараптамаларға мән береді. Қазақ баспасөзі «Қазақ» газетінің тарихи бастауынан бүгінге дейін ұлт руханиятына қызмет етіп келеді. Ғасырдан астам уақыт өтсе де, баспасөздің көздеген мақсаты – халықтың сөзін сөйлеп, кемшілігін түзеу, қоғамдық сананы алға жетелеу – өзгерген жоқ. Уақыт желі мен технология өтпелі құбылыс болғанымен, ұлттың көзі, құлағы һәм тілі болған баспасөз өз қадір-қасиетін жоғымқ емес. Ұдайы жаңғырып, жаңа дәуір талаптарына бейімделе отырып, қазақ баспасөзі қоғамдағы айрықша рөлін, биік рухани тұғырын сақтап қалары сөзсіз.

Ердаулет ҚАЛИЕВ



ОЙНА. ТАНЫ. МАМАНДЫҚ ТАҢДА

Жуырдан бастап мамандық таңдау мәселесі бізді мүлдем алаңдатпайды десем сенесіз бе? Иә, жасөспірімдердің көкейінде жүрген алаңдаушылық пен қорқыныш енді өз шешімін таппақ. Оған себеп болған «JINAQ» қосымшасы. Бұл – 15 жасар астаналық оқушы Аль-Азим Вахиттің туындысы.

Ол 2024 жылдан бастап «UNIFIND» атты жасанды интеллектінің негізінде сервисті әзірлеуді бастаған. Қосымшаның мақсаты – оқушыларға академиялық көрсеткіштер, қызығушылықтар, жетістіктер мен мақсаттары негізінде жоғары оқу орындарын таңдауға көмектесу. Жасанды интеллект алгоритмі оқушының деректеріне талдау жасап, оған сай келетін білім беру траекторияларын ұсынады.

«JINAQ» оқушыларға өзін тануға, болашақ мамандығын таңдауға және жеке білім беру траекториясын құруға көмектеседі. Платформада кәсіби бағдарлау тесттері, аналитика, мамандық бойынша ұсыныстары және оқушылардың цифрлық профильдері бір жүйеге біріктірілген.

Одан бөлек Аль-Азим Вахиттің сүйіншісі бар. Оның платформасы Астананың 10 мемлекеттік мектебінде тесттен өтуде.

Ендік «JINAQ-тың» өзіне теренірек тоқталсақ. Қосымшаның интерфейсі, яғни бет-әлпеті минимализм және ыңғайлылыққа негізделген. «JINAQ» қосымшасының

мақсатқа жету үшін мына пәндерге басымдық беріп, мынадай үйірмелерге қатысқаның дұрыс» деген нақты кеңестер мен жол картасын ұсынады.

Жол картасы – бұл оқушының 11-сыныпқа дейінгі жеке даму жоспары. Онда қай олимпиадаға қатысу керектігі, қандай онлайн курстардан өткен жөн екені және грантка түсу ықтималдығын арттыру жолдары кезең-кезеңімен көрсетіледі.

Одан бөлек қосымшада барлық университет тізімі бар. Өңірдегі Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетімен таныстық. Мұнда мекеменің оқу ақысынан бастап жатақхананың бар-жоғы да нақты белгіленген. Ал ең керемет дүние – бұл әлемдегі үздік университеттердің болуы. Сіз өзіңіз қалаған мамандықты таңдай отырып, оның бакалавриаты туралы біраз мағұлмат аласыз.

Аль-Азим Вахит «Біздің платформада сіз сұранысқа ие мамандықтар бойынша ұсыныстарды ала аласыз, сонымен қатар мамандықтың орташа жалақысын біле аласыз» деп біз байқамаған қырларды үшін барлық жағдай жасалған.

– Жобаларын бастағысы келетін мектеп оқушыларына айтарым – қорқыныш жойылатын сәтті күтуді доғарыңыз. Ол жоғалып кетпейді. Бірақ оны жанармай ретінде пайдалануға болады. Кез келген жоба алдымен қиын көрінеді, бірақ қадамдар сіз қозғалған кезде ғана жеңілдеп, батылдықты оятады. Миллиондаған идеяны бірден құруға тырыспаңыз. Өзіңізді сынап көріңіз, тәжірибе жасаңыз және процесстен ләззат алыңыз, – дейді біздің кейіпкер.

Міне, тағы да бір дарынды оқушымен таныстық. Оның жобасының әрбір бөлшегі нық орнатылған. Себебі оның басты мақсаты пайда көру емес. Қазақстанның білім саласына жаңашылдық енгізу, жасөспірімдердің ең үлкен қорқынышын сейілету.

Мейір НИЕТ

Альфия АЙҒАЛИЕВА:

БІЛІМ САПАСЫ МЕКТЕПТІҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІНЕ ЕМЕС, ҰСТАЗ ҰСТАНЫМЫНА БАЙЛАНЫСТЫ

– Менінше, шешуші рөлді мектептің орналасқан жері емес, ұстаздың дұрыс бағыт-бағдары мен оқушының талпынысы атқарады. Ағылшын тілін үйренуге деген қызығушылығым 7 сыныпта басталды. Тілге деген қызығушылығымды ашқан ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Гүлжазира Абдалиева. Ұстазымның біліктілігі, қолдауы және дұрыс бағыт-бағдарының арқасында ағылшын тілі мен үшін мүмкіндіктерге жол ашатын құралға айналды, – дейді Альфия.

Өңгіме арасында дарынды жас алғашқы ұстазы Эльфира Ержұсіпованың білім баспалдағындағы тәлімін, бұлақ көріп, көзін ашқанын да тілге тиек етті. Таяуда Саммиттен алған жүлдесі ауыл мектебіндегі осындай дарынды ұстаздардың қолдауымен жылдап жинаған білімінің арқасы екенін де біледі.

– Бұл Саммитті жылына екі мәрте Гарвард, Назарбаев университеттерінің түлегі Әсел Амангелді ұйымдастырады. Қазір америкалық білім беру жүйесіне жасанды интеллектіні енгізумен және дамытумен айналысады. Жобаға алғаш рет былтыр тамыз айында қатысып, оқу грантын жеңіп алдым. Бұл грантка еліміздің әр өңірінен 400 оқушы өтініш берген. Іріктеуден өту үшін қажетті құжаттарды тапсырып, ағылшын тілінде эссе жазып, бейнежазба түсіру керек болды. Эсседе әр қатысушы өзінің амбициясын және не себепті дәл өзі таңдалуға лайық екенін жан-жақты көрсетуі тиіс еді. Келесі маңызды кезең 29 қазан күні өткен спикерлер байқауы болды. Бұл кезеңнің мақсаты – 300-ден астам адамның алдында сөз сөйлеуге үміткерлерді анықтау. Бірінші кезеңге 100 оқушы өтінім берді. Бұл кезеңде қатысушылар өз өсінік құрылымы мен негізгі идеясын таныстырды. Нәтижесінде олардың жартысы екінші кезең, яғни әңгімелесуге өтті, – дейді ол.

Сайыстың екінші кезеңі білім саласының сарапшыларының қатысуымен толық ағылшын тілінде өтті. Мұнда оқушылардың ойлау және тіл менгеру деңгейі бағаланды. Осы іріктеуден кейін финалға өткен 10 оқушының қатарында Альфиядан өзге тағы бір қызылордалық және Ақмола, Алматы өңірінен келген қатысушылар болды.

– Финалға өткен қатысушылар ретінде біз Назарбаев университетінің түлектерімен бірге дайындықтан өттік. Көпшілік алдында сөйлеу, ойды жүйелі жеткізу және аудиториямен байланыс орнату дағдылары бойынша сабақ алдық. Саммиттің басты қонағы – Гарвард университетінің магистранты, сондай-ақ Stanford және Rice университеттерінің қабылдау комиссияларымен жұмыс істеген маман Дэнниел Чанг болды. Маған үлкен тәжірибе сыйлаған сайыс болды, – дейді білімпаз шәкірт.

Альфия алған асулар мұнымен шектелмейді. Ол бұған дейін де сан мәрте сайыстарда топ жарып, алдыңғы шепте жүрген. Мектепішілік, аудандық және облыстық олимпиадалар мен ғылыми жобаларда да қанжығасы майланып жүр. Ал ағылшын тілінде сөйлеу дағдысы бойынша Қызылорда облысы деңгейінде жоғары нәтижеге қол жеткізген. «EduStream» республикалық байқауынан арнаулы номинацияға қол жеткізсе, «Зерде» республикалық жобалар байқауының облыстық кезеңінде ІІІ орынды қанағат тұтқан. Зерттеу, стартап және жобаларды басқару методикалары бойынша тәжірибелік сабақтарға қатысқан.

Жас таланттың айтуынша, бүгінде ауыл мектептерінде мүмкіндік жоғары. Бастысы, алдына мақсат қойып, ынта-ықыласыңды арттырсаң, болғаны...

Дәулет ҚЫРДАН



Басы 1-бетте



– Әділбек Бөрібайұлы, бүгін сізді Дүниежүзілік сайлау күнінде сұхбат алаңына шақырып отырмыз. Медиа кеңістікте қазір ақпарат тым көп. Бұл күннің маңыздылығын қоғам қалай қабылдауы керек деп санайсыз? Әңгімемізді осыдан бастасақ...

– Дүниежүзілік сайлау күні – бұл жай ғана атаулы күн емес, ол демократиялық қоғамның басты құндылықтарының бірі – азаматтардың таңдау құқығын насихаттайтын күн.

Негізгі тарихы тым әріден басталған. Осыдан 21 жыл бұрын Венгрияда сайлауды ұйымдастырушылардың жалпы конференциясында ақпан айының бірінші бейсенбісін Дүниежүзілік сайлау күні ретінде бекіту туралы бастама көтеріледі. Атаулы күннің мәні мен маңызы айқындалған жиында бұл бастаманы Біріккен Ұлттар Ұйымы қолдады.

Содан бергі уақытта әлем елдері, оның ішінде Қазақстан сайлау жүйесіндегі бұл елеулі күнге маңызды басқосулар мен түрлі кездесулер өткізу арқылы басымдық береді.

Бұл күнді атап өтудің арнайы іс-шаралар жоспарын бекіттік. Барлық деңгейдегі комиссия мүшелері, азаматтық қоғам өкілдері, байқаушылар және жастардың қатысуымен түрлі шаралар өткізуді бастадық.

Жаңадан форматтар да енгізілуде. Мәселен, Қазалы ауданында сайланған әкім мен депутаттардың жастармен «face to face» форматта кездесуін өткізсек, Сырдарияда жастар мен комиссия мүшелерінің «квиз» форматтағы басқосуы ұйымдастырылды.

Сайлау – халық пен биліктің арасындағы сенім көпірі. Ол – әділдікке, ашықтыққа және заң үстемдігіне негізделген мемлекеттік басқарудың берік тірегі екені даусыз.

Азаматтардың өз таңдауына сүйеніп, шешім қабылдауы қоғамда демократиялық құндылықтарды дамытады. Мерекенің негізгі мәні де осы.

– Сөзіңізде арнайы іс-шаралар жоспарын жасадық дедіңіз. Комиссияға келіп, «мен де сайлау жүйесіне өз үлесімді қосайын, бір жоба ұсынсам қолдайсыздар ма?» деп келетін жастар болды ма?

– Сайлау жүйесінің дамуына ниеті бар жастар жоқ емес. Сайлау жүйесінің ашықтығы мен жариялылығы – заңмен бекітілген қағидаттар. Соған сәйкес біз жастардың ұсыныстарын тыңдауға, жобаларын қарауға дайынбыз. Жастар тек сайлаушы ретінде ғана емес, бақылаушы, ерікті, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына қатысушы ретінде де белсенділік танытып келеді.

Қазалы ауданы әкімінің сайлау науқаны кезінде №249 мектеп-лицейдің 9-сынып оқушысы Аяжан Мөңкебай жасанды интеллект арқылы сайлау мәдениетін қалыптастыруға жетелейтін түрлі комикстерді даярлап, ұсынды.

Әділбек ЕРСҰЛТАНОВ, Қызылорда облысының аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы:

ӨЗ АУЫЛЫН ТҮЛЕТУГЕ НИЕТТІ ХАЛЫҚ САЙЛАҒАН ЖАС ӘКІМДЕР БАР

Оның өніміне ҚР Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдірулы жоғары баға беріп, комиксті республика деңгейінде өткен іс-шараның көрмесіне қойды.

Автовольтер болуға ниет танытып, сайлау кезінде ақпараттық түсіндірмелік жұмыстарды бөлісіп, қолдау білдіретін жастарымыз да аз емес.

– Дауыс беру – жас талғамайды. Дегенмен жастардың сайлауға бару деңгейі көңіл көншітеді ме?

– Жастардың қызығушылығы төмен деп айту дұрыс болмас. Керісінше, кейінгі жылдары олардың қоғамдағы процестерге бейжай қарамайтыны байқалады. Цифрлық ақпараттың қолжетімділігі, құқықтық түсіндіру жұмыстарының жүйелі жүргізілуі жастардың саналы таңдау жасауына ықпал етуде. Батыл ұсыныстарын айтып, сұрақтарын жолдап тұрады.

Өңірде 178057 жас сайлаушы бар. Олардың басым бөлігі ауылда тұрады. Дауыс беру кезінде

– Жалпы сайлауға халықтың қатысу көрсеткіші қай деңгейде деп баға бересіз?

– Сыр өңірі кез келген саяси науқанда ауызбіршіліктің жоғары үлгісін көрсетіп келеді. Ауыл, аудан әкімі, депутаттар мен Президент сайлауында ауылдық жердегі азаматтардың дауыс беру белсенділігі жоғары екенін өзіңіз де көріп жүрсіз.

Мәселен, Сырдария ауданында тұратын 103 жастағы қарт сайлаушымыз Яхия Тасыров 80 жылдан аса саяси науқандарға үзбей қатысып келеді. Учаскеге алғаш келуші азамат ретінде де майдангер ақсақалымызға комиссия мүшелерінің құрметі зор.

Отбасымен бірге келіп, таңдау жасауға асығатындар сайлаушылар да аз емес. Мәселен, Жаңақорған ауданындағы Қыраш ауылының тұрғыны, еңбек ардагері Сұлтанхан Ақылбеков есімді ағамыз 20 жылдан аса немерелерін ерте келіп отбасымен бірге өз таңдауын жасап, азаматтық үн қосып келеді.



отбасымен бірге келетін жастарымыз жетерлік. Сондай-ақ комиссия мүшелері арасынан да 35 жасқа дейінгі жастар категориясы бар.

– Ауыл мен қала жастарының белсенділігінде айырмашылық бар ма?

– Айырмашылық көбіне ақпарат алу тәсілінде. Қала жастары ақпаратты онлайн көздерден жылдам алады. Ал ауыл жастары тікелей кездесулер, түсіндіру шаралары арқылы белсендірек қатысады. Бірақ азаматтық жауапкершілік екі ортада да қалыптасып келеді. Тіпті жергілікті басқару мәселелеріне жақын болғандықтан, ауыл жастары кей жағдайда ерекше белсенділік танытады.

– Алғаш рет дауыс беретін жастарға айтар ойыңыз?

– Бәріміз де жас болдық. Өзіміз де алғаш рет дауыс беруге барғанда ерекше сезімге бөленгімізді жасыра алмаймыз. Себебі 18 жас – азаматтық жауапкершілік басталатын кезең.

Аймақта 18 жасқа толған, яғни алдағы сайлау науқандары кезінде тұңғыш рет дауыс беретін 192 жас бар. Оның 104-і ер, 88-і-қыз бала.

Әрине, жастарға бір ғана айтарым бар. Ол – елдің болашағы үшін кез келген науқан кезінде бей-жай қарамай, азаматтық белсенділік таныту маңызды.

– Аймақта Жас сайлаушылар клубы құрылыпты. Нақты қандай бағытта жұмыс істейді? Клубқа мүше болу үшін қандай талап қойылады?

– Жас сайлаушылар клубы ҚР Орталық сайлау комиссиясының бастамасымен республикада құрылған. Қазір барлық өңірлерде клуб ашылып, жүйелі түрде жұмыстарын жүргізуде.

Бұл клубтың мақсаты – жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру, сайлау мәдениетін қалыптастыру, демократиялық процестерге қызығушылығын қолдау. Клуб мүшелері тренингтерге, кездесулерге, пікірталастарға қатысады. Белсенді әрі қызығушылығы бар кез келген жас мүше бола алады.

Жас сайлаушылар клубы – тек пікір алмасу алаңы ғана емес, ол – жастардың конституциялық құқығын пайдалана отырып сайлау процестерінде демократиялық құндылықтарды дамытуға серпін беретін және қоғамдық істерді бірлесе атқаратын ортақ алаң.

Қызылорда облыстық сайлау комиссиясы жанынан құрылған клуб құрамына бүгінде 85 жас енді. Олар Қызылорда қаласында және аудандарда әртүрлі форматта жұмыс істеуге ниет білдірді.

Жас сайлаушылар клубы аясындағы жұмы-

сымыздың өрісі кеңейіп келеді. Жастар қазір ойын ашық әрі батыл түрде жеткізе алады. Біз клуб құрамына еруге ниетті жастар қатарын әлі де толықтырамыз

– Әділбек Бөрібайұлы, жастар тақырыбына бет бұрған соң бір сұрақ туындап отыр. Сіздер ауыл әкімінің сайлауын өткізесіздер. Біздің өңірде халық өзі қолдаған, жігерлі, мақсаты айқын жас әкімдер бар ма? Жалпы әкім сайлаулары туралы не айтасыз?

– Облыста 146 кент және ауылдық округ әкімі бар. 143-і ер, 3 әйел әкім қызметін абыроймен атқарып жүр.

Жергілікті өзін-өзі басқару туралы заңға сәйкес әкімдер 4 жыл мерзімге сайланады. Дегенмен өкілеттілігі ерте тоқтатылған әкімдердің орнына сайлау тағайындала береді.

Өмір болғаннан кейін әкімдердің басқа өңірге қоныс аударуы, мемлекеттік қызметке немесе жеке кәсіпке ауысуының салдарынан тұрғындар 4 жыл мерзімді күтпей-ақ жаңа әкімдерді сайлай береді. Тиісінше, сол ауылдарда әкімдердің жиі ауысуы байқалады.

Президент бастамасымен 2021 жылдың II жартыжылдығынан бастап әкімдерді тікелей сайлау процесі іске аса бастады.

2021 жылдан бастап 205 әкімнің сайлауы өткізілді. Сайланған әкімдердің 117-і партиялардан ұсынылса, қалған 88 әкім өзін-өзі ұсынған.

Жаңадан сайланған әкімдердің 103-і бұрын ауылдық округтің әкімі қызметін атқарған, яғни жаңадан сайланған, ал 102-і алғаш рет сайланған.

Ал, 2025 жылы 56 әкім сайлауы өткізілді. Оның 41-і өкілеттілік мерзімі уақыты аяқталған әкімдер болса, 15-і өкілеттілігі мерзімінен бұрын өткізілген әкімдерге қатысты.

Биыл 29 әкім сайлауы жоспарланып тұр. Жыл ішінде олардың 4 жыл мерзім өкілеттілігі аяқталады.

Статистикаға көз салсақ, облыста 18-35 жас аралығындағы 7 жас әкім, 4 жас депутат бар. Олардың ішінде ең жас әкім – 28 жаста, ең жас депутат – 27 жаста.

Білесіз бе, тұрғындармен етене араласатын ауыл әкімін таңдауды елдің еркіне салу елді мекендегі кез келген мәселені жедел әрі тиімді шешудің бір тетігі. Әрі бұл билікке талапты жастардың келуіне жол ашады. Өз ауылын түлетуге ниетті халық сайлаған жас әкімдер бар.

Мәселен, Арал ауданындағы Жаңақұрылыс ауылының 28 жастағы әкімі Елнұр Елшекенов деген азамат осыған дейін мал шаруашылығымен айналысатын қожалық төрағасы ретінде бастама көтеріп ауылдардағы арықтарды тазалап, бақша егетін шаруалардың жерін жыртып, жолын тегістеп, көмек келген. Халық қолдап, өздері сайлағанын бізге жеткізді.

Сырдария ауданындағы Айдарлы ауылдық округінде Нұрбол Жұмабеков есімді әкімді де халық ерекше ықыласпен қабылдады.

Ол өзінің өзекті мәселелерді халықпен кеңесе отырып бірлесіп шешіп келеді. Ауылға демеушілер тартып, инвестиция көзі ретінде халыққа жұмыс көзін реттеуді басты нысана еткен. Мұндай әкімдер біздің өңірде жетерлік. Өзін-өзі ұсынған әкімдердің де қатары аз емес.

Бұл – Президент реформаларының өңірде іске асып жатқанының нақты көрінісі.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен
Дәулет ҚЫРДАН

Ақбота ШАМШИЕВА:

ЖЕКЕ ШЕБЕРХАНАМДЫ АШҚЫМ КЕЛЕДІ

Бір кездері тек хобби саналған сәнді әшекей жасау бүгінде табыс көзіне, тіпті толыққанды бизнеске айналды. Қолдың ебі мен талғамды талап ететін бұл салада шыдам мен ізденіс қатар жүреді.

Біздің бүгінгі кейіпкеріміз де шығармашылық пен кәсіпті қатар ұстап келе жатқан қолөнерші. Ақбота Шамшиеваның негізгі мамандығы мемлекеттік және жергілікті басқару болса да, өз жолын шығармашылықпен байланыстырған. Бүгінде ол мәдениет саласында, атап айтқанда «Анаға тағзым» орталығында жұмыс істейді.

– Ақбота, әуелі мақсат жайлы әңгімелессек. Алға қойған қандай арман-мақсатыңыз бар?

– Адам болған соң армандаймыз, мақсат қоямыз, жоспарлаймыз. Жетсем екен дейтін мақсатымның бірі – жеке шеберханамды ашу, сонымен қатар керамикалық өнім өндірісін жүйелі жолға қойсам деймін. Арнайы пеште күйдірілетін, сапасы жоғары эксклюзив бұйымдар шығару

арқылы нарықта өзіндік орны бар бренд қалыптастырғым келеді.

Келесі саудамыз жеке бренд құру туралы болмақ? Алғаш жасаған бұйым мен алғашқы тұтынушыңыз жайлы айтып беріңізші.

– Қолөнерге, оның ішінде казак этно стилиге студент кезімнен қызықтым. Алғашында, иә, хобби ретінде бастадым. Ал қазір қосымша кәсіпке айналды. Сүйікті ісімді табыс көзіне айналдыруыма «Анаға тағзым» орталығының креативті индустрия бағытындағы жұмыстар үлкен әсер етті. Жалпы бұл орталықта 2023 жылдан бері еңбек ететін. Осы уақыт аралығында түрлі іс-сипарға шығып, креативті көрмелерге қатысып, тәжірибе жинадым. Содан қатар өз ісімді бастауға бел будым. Көрмелерге бұйымдарымды шығара бастадым, солай сұраныс та артты.

Ал бұйым жасауға дейін, әрине, талдау жұмысын жүргіздік. Қаламызда

қолжетімді бағадағы, сапалы керамикадан жасалған этно бұйымдардың өте аз екенін байқадым. Басқа өңірде бұл бағыт жақсы дамығанымен, бағасы қымбат. Осыдан кейін «неге өзім жасап бастамасқа?» деген ой келді.

Әрі қарай сапасы жоғары фурнитура сататын сенімді орын іздеп, өз талғамыма сай келетін материалдарды тапсырыспен алдырдым. Ең алғашқы жасаған бұйымым – этно сотуар. Нәтижесі ойлағанымнан да жақсы шықты. Бірінші тұтынушым құрбыларым болды. Жақындарым үлкен қолдау көрсетті. «Instagram» желісінде жеке парақша ашып, брендке атау беріп, логотип жасаттым. Қазір брендім «ethnoshine.kzo» деп аталады. Бастапқыда тек сотуар жасаудан басталған іс ақырындап кеңейді. Ассортиментке сырға, жұмысқа және костюмдерге арналған этно-түйреуіш, білезік пен алқалар қосылды.

– Өзіңіз дайындайтын бұйым-

дардың сапасына қатысты қандай талаптар бар? Қазіргі таңда керамикалық этно бұйымдарға сұраныс қандай?

– Бұйымдардың сапасына әрдайым ерекше мән беремін. Әшекей қарапайым сәнді зат ғана емес, күнделікті қолданыста да, мерекелік жағдайда да иесін ыңғайсыз жағдайға қалдырмауы тиіс. Сол себепті олардың қарайып кетпеуі, ұзақ уақыт бойы бастапқы қалпын сақтауы және қыз-келіншектерге сенімді түрде тағуға болатын деңгейде болуы – мен үшін басты талап.

Қазір керамикалық этно бұйымдарға қаламызда қызығушылық артып келеді, бұл бағыттың болашағы бар екенін аңғартады.

– Әңгімеңізге рақмет!

Әңгімелескен
Мерейім ӘЛПАТЫР,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
4-курс студенті





арттырады. Үйден отырып-ақ бір емес, бірнеше жобаны қатар алып жүруге болады. Декреттік демалыстағы ана болсаң да, жоғарғы оқу орнындағы студент болсаң да, қосымша табыстың бір көзі болады.

Сонымен қатар онлайн жұмыста нәтиже бірінші орынға шығады. Клиентке сенің қайда отырғаның емес, не істеп бергенің маңызды. Бұл – еңбекке деген жауапкершілікті арттырып, жалқаулық пен формализмге жол бермейтін орта.

Алайда онлайн жұмыстың да көлеңкелі тұстарын жасыруға болмайды. Ең басты мәселе – әлеуметтік кепілдіктің әлсіздігі. Көптеген фрилансер ресми түрде еш жерде тіркелмеген. Демек

жұмыстың уақыты мен жүктемесі нақты реттелуі тиіс. Мәселен, бір ставка – толық жұмыс күні деп есептеледі. Егер адам негізгі жұмысында бір ставкада істесе, екінші жұмыста жарты ставка немесе азаматтық-құқықтық келісімшарт арқылы жұмыс істеуге құқылы.

Тәжірибеде, әсіресе білім беру саласында, мұғалімдер бір емес, екі-үш мектепте жұмыс істеп жүрген жағдайлар кездеседі. Бұл да еңбек өнімділігіне кері әсер етеді. Бір адам физикалық тұрғыдан бірнеше жерде жүргенімен, сапалы нәтиже көрсетуі қиындайды. Сондықтан мәселе тек рұқсатта емес, жұмыс көлемін ақылмен бөлуде.

ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІ: НЕГЕ САПАДАН ГӨРІ САНҒА ЖҰМЫС ІСТЕЙМІЗ?

Басы 1-бетте

Қазақстанда көптеген мемлекеттік мекеме мен білім беру ұйымында қағазбастылық мәселесі әлі күнге дейін толық шешімін таппаған. Әсіресе бұл жағдай мұғалімдер қауымына жақсы таныс. Сабақ беру – мұғалімнің негізгі міндеті бола тұра, олардың уақытының қомақты бөлігі есеп, жоспар, анықтама, мониторинг, түрлі кесте толтыруға кетеді, тіпті «Facebook»-ке пікір қалдыру да жұмыс екенін ескертейік. Бір құжат электронды форматта тапсырылса да, дәл сол ақпаратты қағаз түрінде қайта өткізуді талап ететін жүйе – еңбек өнімділігін арттыру емес, керісінше, оны төмендетудің айқын мысалы.

Қағазбастылықтың ең сорақы көріністерінің бірі – демалыс күндері мұғалімнің мектепте «кезекшілік» атқаруы. Көп жағдайда бұл кезекшіліктің нақты мазмұны да, қоғамға берер пайдасы да жоқ. Мектепке не оқушы жоқ, не ата-ана келмейді, көп жағдайда шұғыл мәселе де туындамайтыны рас. Бірақ мұғалім демалысын құрбан етіп, бос ғимаратта уақыт өткізуге мәжбүр. Бұл – баяғы кеңестік басқару стилінің сарқыншағы десек, артық айтқандық емес.

Нәтижесінде, адам физикалық тұрғыдан жұмыста болғанымен, моральдық және физикалық тұрғыда қажып шығады. Ал шаршаған, күйзелген адамнан жоғары өнімділік күту – бос үміт емес пе?

Кейінгі жылдары мемлекеттік секторда «көрсеткіш қуалау» үрдісі белең алды. Әр мекеме, әр бөлім жоғары жаққа «әдемі есеп» беру үшін жұмыс істейді. Құжаттағы сан өссе болды, нақты өмірдегі нәтиже екінші орынға ысырылады. Түсініктірек айтқанда, «для галочки» өткізілетін іс-шараның көптігіне тоқтайтын сөт келген секілді. Мұғалімнің, дәрігердің, мемлекеттік қызметкердің жұмысы санмен ғана өлшенбейді, атқарылған қызметтің қаншалықты халыққа пайда әкелгені де маңызды.

Онлайн жұмыс – қосымша табыс

Дегенмен қоғам бір орында тұрған жоқ. Өткенге көз тастасақ, он жылда еңбек нарығында түбегейлі өзгерістер болды. Онлайн жұмыс, фриланс, таргетолог, SMM маман, дизайнер, копирайтер, видеомонтажер, мобилограф секілді жаңа мамандықтар пайда болды. Мұны еңбек өнімділігін арттырудың балама жолы деп қарастырсақ болады.

Онлайн жұмыстың басты артықшылығы – уақыт пен кеңістікке тәуелсіздік. Адам таңғы тоғыздан кешкі алтыға дейін кеңседе отыруға міндетті емес. Өз уақытына өзі қожайын. Бұл, әсіресе, шығармашылық және интеллектуалдық еңбекте өнімділікті

ай сайын зейнетақы қорына жарна аударылмайды. Бұл бүгін байқалмаса да, ертең зейнет жасына келгенде үлкен проблемаға айналуы ықтимал.

Сонымен қатар онлайн табыстың тұрақсыздығы бұл жұмыстың басты минусы. Бір ай жақсы табыс түссе, келесі айда тапсырыс азаюы ғажап емес. Мұндай жағдайда адам қаржылық жоспар құруда қиындықтарға тап болады. Әсіресе несие немесе ипотека алу мәселесінде банктер ресми табысты талап етеді. Мәселен, фриланс арқылы тапқан табыс дәлелденбесе, мемлекет тарапынан берілетін тұрғын үй бағдарламаларына қатысу да қиындайды.

Қазір көптеген қазақстандық негізгі мемлекеттік қызметпен қатар қосымша табыс көзін іздеуге мәжбүр. Себебі бір ғана жалақы күнкөріске жетпейді. Осы тұста онлайн жұмыс үлкен мүмкіндікке айналып отыр. Мұғалім, дәрігер, мемлекеттік қызметкер кешкі уақытта немесе демалыс күндері онлайн қызметтер арқылы қосымша табыс табуға тырысады. Алайда мұнда да құқықтық және этикалық шектеулер бар. Қазақстан заңнамасына сәйкес, мемлекеттік қызметкерлердің кейбір санаттарына кәсіпкерлікпен айналысуға тыйым салынған. Сонымен қатар негізгі жұмысқа кедергі келтірмеуі тиіс. Егер қосымша жұмыс негізгі міндеттің сапасына әсер етсе, бұл – еңбек тәртібін бұзумен пара-пар.

Дегенмен қазіргі шынайы өмірде мұндай шектеулер мен адамдардың экономикалық қажеттіліктері арасында қайшылық бар. Мемлекет бір жағынан адал әрі тиімді қызмет талап етеді, бірақ екінші жағынан, лайықты жалақы ұсына алмай отыр. Осы олқылықтың орнын халық өз бетінше толтыруға тырысууда.

Еңбек кодексіне сәйкес, азаматтың екі жерде жұмыс істеуіне тыйым салынбайды. Алайда негізгі жұмыс орны мен қосымша

Онлайн жұмысқа толықтай бет бұрған азаматтардың алдында бірқатар маңызды сұрақтар туындайды. Соның бірі – зейнетақы жарнасы. Егер адам жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, табысын ресми көрсетсе, зейнетақы қорына ай сайын жарна аударалады.

Алайда мұны бәрі бірдей жасай бермейді. Салықтан, бюрократиядан қашқан адамдар уақытша пайда үшін ұзақ мерзімді қауіпсіздікті құрбан етеді.

Қазақстанда еңбек өнімділігін арттыру үшін ең алдымен басқару мәдениетін өзгерту қажет. Қағазбастылықты қысқарту, қажетсіз есеп-қисапты жою, нақты нәтиже мен сапаны бағалау жүйесіне көшу – жұмыс өнімділігін біршама арттырады анық. Мұғалім демалыс күнін мектепте емес, отбасымен өткізіп, шығармашылықпен айналысқанда ғана ертеңгі сабағына тын күшпен келеді.



Сонымен қатар онлайн жұмыс пен қосымша табыс табуды заңды, ашық әрі әлеуметтік кепілдігі бар салаға айналдыру қажет. Бұл – тек жеке адамның емес, мемлекеттің де мүддесіне сай. Себебі ресми тіркелген табыс – бюджетке салық, зейнетақы қорына жарна, экономиканың көлеңкеден шығуы деген сөз.

Еңбек өнімділігі – тек көп жұмыс істеу емес, ақылды жұмыс істеу. Ал цифрлық дәуір ұсынып отырған мүмкіндіктерді дұрыс пайдалану, онлайн еңбек пен мемлекеттік жүйені үйлестіру – Қазақстан үшін жаңа сапалы кезеңнің бастауы бола алады.

Егер біз шынымен дамыған ел болғымыз келсе, ең алдымен адамның еңбегін қадірлеуді, уақытын бағалауды үйренуіміз керек. Сонда ғана еңбек өнімділігі нақты нәтиже ретінде көрінбек.

Н.НҰР.ЛЫБЕКҚЫЗЫ

Сыр елінің ішкі бейнесі жылдан жылға жақсарып, өңірде сәулет өнерінің өрбіп келе жатқанын қала аумағында орналасқан ғимараттардан аңғарсақ болады. Десе де сол жағалаудағы бір ізді дизайн уақыт өткен сайын көзге түрпідей тие бастады. Ал бос жатқан бөліктер әлі күнге дейін жазық дала көрінісінен арылмады. Бізді алаңдатқан сол жағалаудың жағдайы емес, түгел қаланың көрінісі. Қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Ердаулет Мүбәрақтың өңірлік коммуникациялар алаңында өткізген брифингінде көп сауалға жауап таптық, жаңа жоспармен таныс болдық.

қойылған дүңгіршектер мен құрылыс қалдықтарына байланысты полициямен бірлескен рейдтер жүргізілді. «Қызыл сызыққа» қатысты да заңбұзушылықтар мамандар бақылауында.

– Біз «қызыл сызық» талаптарының сақталуына қатысты бөлім тарапынан тұрақты түрде мониторинг жұмыстарын жүргізіп келеміз. Аталған бақылау барысында кейбір тұрғындардың мемлекеттік жерді заңсыз иемденіп, өз аумағындай қоршап алғаны, тіпті есік алдына ағаш немесе тал егіп, жерді бетондап тастағаны анықталып жатады.

Осындай заңсыз әрекеттердің алдын алу мақсатында тиісті шаралар қабылданады: алдымен нысан анықталып, меншік иесіне түсіндірме жұмыстары жүргізіледі. Егер ескерту талаптары орындалмаса, материалдар Қызылорда облысының жер

сыз иемдену, қала паркі мен өзен маңындағы қорғау аймақтарында құрылыс жүргізу – мұның бәрі адам өмірі мен қаланың экологиялық қауіпсіздігіне төнетін қатер. Сондықтан бұл бағыттағы бақылау алдағы уақытта да күшейтіле бермек.

Қаланың «Бас жоспары» – жай ғана құжат емес, Қызылорданың алдағы уақытқа арналған даму картасы. 2045 жылға дейінгі кезеңді қамтитын жаңа «Бас жоспар» аясында қала аумағы 20 700 гектарға дейін ұлғайды. Бұрын саяжай массиві болып келген бірнеше аумақ ресми түрде қаланың шекарасына енгізілді.

Бас жоспар бойынша сол жағалау мен оң жағалауды байланыстыратын бірнеше көпір салу көзделген. Атап айтқанда, «KAYSAR» арнасы маңынан, Сырдария арқылы өтетін жаңа көпір, сондай-ақ «Мерей-Ақмешіт» шағын ауданын жалғайтын өткелдер қаладағы көлік жүктемесін азайтуға бағытталған.

Сол жағалау шағын ауданы кезек-кезеңімен бірнеше ауданға бөлініп, әрқайсысында шағын аллеялар, демалыс орындары мен рекреациялық аймақтар қарастырылады. Бұрыннан бар су торабы негізінде үлкен демалыс аймағын қалыптастыру да жоспардың маңызды бөлігі.

– Тағы да атап өтетін жайт, сол жағалауда негізінен жоспар бойынша көпқабатты, ортақабатты тұрғын үйлер жоспарланған. Жоғарыда атап өткендей, бұл қаланың аумағында орналасқан саяжайлардың барлығын «тұрғын аймаққа» ауыстыру жөнінде ұсынысты беріп жатырмыз. Ол саяжайда тұрып жатқан тұрғындарға оң ықпалын тигізеді. Оған «тұрғын аймақ» статусы берілгеннен кейін мемлекеттен қаржы алып, инфрақұрылым жүргізуге әсерін беретін болады, – дейді бөлім басшысы.

Мақаламыздың кіріспесінде атап өткендей, мезі болған дизайн бүгінде арнайы түрлі түсті панельдермен көмкеріліп, жаңаша рең алуда. Көңіл-күйді көтеретін, жылы және ашық түстер адамдарға жайлы көрініс сыйлап, қалалық кеңістіктің эстетикалық сапасын арттыруға жол ашары сөзсіз.

Қорлан САРЫ

33 ЖАСӨСПІРІМГЕ ҮКІМ ШЫҚТЫ: қай жерден қателестік?

Бесіктен белі шықпай жатып, жаза басып жаңылғандар көп. Көмелетке толмағандар арасында заңбұзушылық көбейген. Бұғанасы қатпаған 33 жасөспірім үкім арқаалап барады. Жан шошырлық дерек. Бұл бағытта санада сілкінген сан сауалдың жауабын Қызылорда облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы Асхат Сабыровтан сұраған едік.



Өткен жылды сот өндірісіне 69 қылмыстық іс түсіп, олар 122 адамға қатысты қаралды. Ал алдыңғы жылдан қалған істерді қоса есептегенде, жалпы 72 қылмыстық іс 125 адамды қамтыды. Жыл соңында 64 қылмыстық іс 114 адамға қатысты аяқталды.

– Сот үкімімен 42 іс бойынша 69 адам кінәлі деп танылды. Аталғандардың ішінде көмелетке толмағандар санының басым болуы – алаңдатарлық жайт. Үкім шыққан жасөспірімдер саны – 33.

Тағайындалған жаза түрлері де әрқилы. Бірқатар азаматтарға шартты түрде бас бостандығынан айыру, бас бостандығынан айыру немесе шектеу жазалары қолданылса, кейбірі қоғамдық жұмыстарға тартылды. Сонымен қатар көмелетке толмаған сегіз адам қылмыстық жауаптылықтан босатылды, – дейді Асхат Аббасұлы.

Тараптардың өзара татуласуына байланысты 15 іс бойынша 35 адам жауаптылықтан босатылды. Ал бірқатар істер бойынша материалдар прокурорға кері қайтарылып, бір іс соттылығы бойынша жолданды. Қылмыстың алдын алу мақсатында 17 жеке қаулы шығарылып, оның ішінде адвокаттар мен прокурорларға да қатысты қаулылар қабылданды.

2025 жылы сотқа 361 әкімшілік іс түсті. Оның бір бөлігі соттылығы мен өкілеттігіне қарай басқа органдарға жолданса, 331 іс тікелей қаралды.

Нәтижесінде 281 адамға айыппұл салынды, ал 50 іс түрлі негіздер бойынша

қысқартылды. Құқық бұзушылық құрамының болмауы, жасалған әрекеттің маңыздылығының төмендігі немесе құқық бұзушының қайтыс болуы секілді жағдайлар осы шешімдерге негіз болды. Әкімшілік істер бойынша 19 жекеше қаулы қабылданды.

Азаматтық сот ісін жүргізу саласында да жұмыс қарқынды жоғары болды. Бір жыл ішінде мыңдаған талап-арыз бойынша 16 жеке ұйғарым қабылданып, бірқатар іс заң талаптарына сай қараусыз қалдырылды.

Шешім шығару арқылы қаралған істердің басым бөлігінде талап қоршылардың өтініштері қанағаттандырылды. Сонымен қатар бұйрықтық және ерекше іс жүргізу тәртібімен де көптеген арыз қаралды.

Тараптардың татуласуына байланысты медиациялық істер саны да аз емес. Бұл – дауды сотқа жеткізбей, келісім арқылы шешуге деген ұмтылыстың артқанын аңғартады. Азаматтық істер бойынша 16 жеке ұйғарым қабылданып, бірқатар іс заң талаптарына сай қараусыз қалдырылды.

Қорытындылай келе, жастардың қылмысқа бейім болуы болашаққа қауіпті һәм бұл олқылықтың алдын алмасақ, келелі келешекке сенімді қадам жасай алмаймыз. Жастар – мемлекеттің ең күшті буыны және олардың бүгінгі елдің ертеңін айқындайды. Ойланайық, шешімін табайық. Бірақ жастарды жамандықтан осы бастан қорғайық!

Нұршат НЫШАНОВА

29 мың СҰРАНЫС ҚАМТЫЛДЫ

Өткен жылы қала қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімі тұрғындар мен кәсіпкерлер үшін ауқымды жұмыс атқарды. Бір жыл көлемінде жеке және заңды тұлғалардың 29 мыңнан астам сұранысы қамтылып, соның 8251-і 9 мемлекеттік қызмет бағыты бойынша жүзеге асырылды.

Жыл ішінде 1350 тұрғын үй пайдалануға берілген, олардың жалпы аумағы 470 мың шаршы метрден асты. Бұдан бөлек, әлеуметтік, коммерциялық және инженерлік инфрақұрылым бойынша 569 нысан есепке алынды.

Сонымен қатар қала аумағындағы сыртқы жарнама, көше келбеті, құрылыс алаңдарының тәртібі де назардан тыс қалған жоқ. Ескірген, жыртылған жарнамаларға қатысты ескертулер таратылып, заңсыз

ресурстарын басқару департаментіне жолданады. Нәтижесінде тұрғынға айыппұл салынып, заң бұзушылықты жою үшін нақты мерзім беріледі. Талап орындалмаған жағдайда іс сот тәртібімен қаралады. Бұл мәселе жер инспекциясымен бірлесіп, заң аясында жүйелі түрде шешіліп келеді, – дейді Ердаулет Бекмұратұлы.

Қаланың дамуына кедергі келтіретін басты факторлардың бірі – заңсыз құрылыс. 2025 жылғы мониторинг нәтижесінде 298 кәсіпкерлік нысанның құрылысқа қажетті рұқсат құжаттарын рәсімдемегені анықталды. Нәтижесінде 44 миллион теңгеден астам айыппұл салынып, бірқатар нысандарды бұзу туралы шешім қабылданды.

Өртке қарсы арақашықтықты сақтамау, қоғамдық аймақтарды заң-

Басы 1-бетте

1991 жылдан бері Қазақстанға келген этникалық қазақтардың жалпы саны 1 млн 164,8 мың адамға жетті. Бұл – тұтас бір облыстың халқына тең демографиялық өсім. Бұл сандардың артында тағдыр бар. Тарихи сағыныш бар. Ұрпақ алдындағы жауапкершілік бар. Бұл жөнінде жыл басында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Түркістан» газетіне берген сұхбатында ерекше тоқталып өтті.

– Қандастар мәселесіне келсек. Әрине мен сырттағы ағайынның тарихи Отанына оралғанын құптаймын. Бірақ олардың қоғамымызға дұрыс кірігуіне қатысты мәселелерді шешу қажет. Былтыр Қазақстанға 16 мыңнан астам қандас көшіп келген. Соның ішінде еңбекке жарамды азаматтардың 15%-ының ғана жоғары білімі бар. Сол себепті көбі Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімделу барысында қиындықтарға тап болады. Олар негізінен Алматы облысының халық көп тұратын аудандары мен ауылдарына және Маңғыстау облысының Жанаөзен қаласына қоныстанған. Орталық және жергілікті билік, сондай-ақ, құқық қорғау органдары бұл жағдайға назар аударуға мәжбүр болып отыр.

Мен былтырғы сұхбатымда Қазақстанда барлық азаматтың құқығы бірдей екенін, ешкімге ешқандай артықшылық немесе басымдық берілмейтінін айттым. Біз өркениетті, әділетті мемлекет құрып жатырмыз. «Заң үстемдігін» қамтамасыз ету, білімнің сапасын арттыру, мәдениетті болу, аянбай еңбек ету, тәртіпке бас ию және мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарау арқылы ғана осы мақсатқа жетеміз. Еліміздің болашағы дарынды, бастамашыл әрі отаншыл жастардың қолында. Мен мұны үнемі айтып жүремін. Себебі Мемлекет басшысы ретінде өскелең ұрпақтың жасампаз қуатына сенемін, – деді ел Президенті.

Өткен жылдарға көз жүгіртсек, 2024 жылы Қазақстан Республикасының азаматтығын алған адамдар саны айтарлықтай төмендеген. Статистикаға сүйенсек, жыл қорытындысы бойынша еліміз 20,2 мың адамға азаматтық берген. Бұл 2023 жылмен салыстырғанда 25%-ға аз көрсеткіш. Сарапшылар бұл кейінгі бес жыл ішіндегі ең төмен деңгей екенін атап өтеді. Бұл өзгеріс көші-қон саясаты, аймақтық тартымдылық және геосаяси ахуал сияқты бірқатар факторлармен байланысты болуы бек мүмкін. Дегенмен жалпы сан азайғанымен, азаматтық алғандардың сапалық құрамы айтарлықтай өзгермеген.

Азаматтық алғандардың негізгі бөлігін тарихи Отанына оралған этникалық қазақтар, яки «қандастар» құрайды. 2024 жылы олардың үлесі 77%-ға жеткен, яғни 15,7 мың адам. Бұл көрсеткіш 2023 жылмен салыстырғанда сәл ғана жоғары. Бұл дерек Қазақстанның көші-қон саясатында этникалық қазақтарды қолдау бағыты сақталып отырғанын көрсетеді. Қандастардың басым бөлігі көршілес елдерден және алыс шетелдерден қоныс аударып, елдің демографиялық, әлеуметтік және мәдени дамуына үлес қосып келеді.

Азаматтық алғандардың географиялық орналасуында да белгілі бір заңдылық бар. Олардың ең көп қоныстанған өңір – Алматы облысы. Бұл аймаққа барлық азаматтық алғандардың 26%-ы

тиесілі. Мұның себебі айтпаса да түсінікті. Өңірдің климаты қолайлы, экономикалық мүмкіндіктері кең, ірі мегаполиске жақын орналасқан. Инфрақұрылым, жұмыс орындары және білім беру мүмкіндіктері де көші-қоншылар үшін маңызды фактор.

Екінші орында – Астана, мұнда азаматтық алғандардың 9%-ы тұрақтаған. Үшінші орынға 8%-бен Түркістан облысы жайғасты. Түркістан өңірінің де халықы тығыз орналасқан, тарихи-мәдени орталық ретіндегі орны және онтүстік аймақтармен байланысы көші-қон үдерісіне әсер етуде.

Жалпы алғанда, азаматтық алғандар санының азаюы Қазақстанға қоныс аудару қарқынының баяулағанын білдіреді. Бұл сыртқы көші-қон ағынының өзгеруімен, құжаттандыру талаптары-

көші-қон саясатының салдары. Бір ғасыр бұрын тағдыр тәлкегімен сыртта қалған қазақтың ұрпағы бүгін елге оралып жатыр. Бұл үдеріс тек көшу емес, ұлттық тұтастықтың қалпына келуі.

2026 жылғы 1 қаңтардағы дерек бойынша қандастардың 57,4%-ы еңбекке қабілетті жаста болса, 34%-ы балалар мен жасөспірімдер. Ал 8,6%-ы зейнеткерлер құрап отыр. Яғни, оралып жатқан қандастардың басым бөлігі – жұмыс істеуге қабілетті әрі бала тәрбиелеп отырған отбасылар. Бұл Қазақстан үшін аса маңызды. Өйткені демографиялық өсім тек сан емес, ол – еңбек нарығы, білім жүйесі, әлеуметтік саясат, болашақ салық төлеушілер, болашақ мамандар.

Сондай-ақ еңбекке қабілетті жастағы қандас-тардың білім деңгейіне тоқталар болсақ, олардың 15%-ы жоғары білімді, 27,5%-ы орта кәсіби білімді,

ҚАНДАСТАРДЫ ҚАҚПАЙЛАМАЙЫҚ



ның күшеюімен немесе әлеуетті көшіп келушілердің басқа елдерді таңдауы сияқты факторлармен байланысты болуы ықтимал. Соған қарамастан, қандастар үлесінің жоғары болуы – елдің демографиялық саясатының маңызды бағыты сақталып отырғанының айқын дәлелі. Ал аймақтар арасындағы айырмашылықтар Қазақстан ішінде де әлеуметтік-экономикалық теңсіздік мәселесі бар екенін көрсетеді.

Ал 2025 жылдың қорытындысы бойынша 16 805 этникалық қазақ тарихи Отанына оралып, қандас мәртебесін алған. Қазақстанға қоныс аударған қандастардың географиясы да көп нәрсені аңғартады. Осы уақытқа дейін елге оралған қандастардың 44,5%-ы Өзбекстаннан, 44,1% – Қытайдан, 4% – Түрікменстаннан, 3% – Моңғолиядан, 2,5% – Ресейден, 1,9% – басқа елдерден Қазақстанға қоныс аударған.

Бұл – кеңес дәуірі мен одан бұрынғы тарихи

51,2%-ы жалпы орта білімді болса, қалған 6,3%-ында білімі жоқ. Көрсеткіштерден байқағанымыз еңбек ресурсы бар, алайда кәсіби біліктілік жеткіліксіз. Яғни, бұл – дайын кадр емес, қайта даярлауды қажет ететін әлеует.

Қандастар республиканың әр өңіріне қоныс-танғанымен, мемлекет еңбек күші тапшы аймақтарды нақты анықтап отыр. Мәселен бұл тізімге Ақмола, Абай, Қостанай, Павлодар, Атырау, Батыс, Шығыс және Солтүстік Қазақстан облыстары кіреді. Әрине әрбір азаматқа таңдау құқығы беріледі. Алайда аталған аймақтарда баспанамен және жұмыспен қамту тұрғысынан мемлекеттен көмек алуға мүмкіндік мол. Оның дәлелі, ішкі көші-қонның өзінде 2021 жылдан бастап «Оңтүстіктен – Солтүстікке» бағдарламасы іске асып келеді. Бұл – жай ғана аймақ таңдау емес. Мұның астарында демографиялық теңгерімді сақтай отырып, шекаралық өңірлерді нығайту,

босап жатқан ауылдарды жандандыру саясаты жатыр. 2025 жылы жоғарыда аталған өңірлерге 2 309 қандас қоныс аударды.

Қоныс аударған отбасыларға берілетін қолдауға келер болсақ, әр отбасы мүшесіне 70 АЕК, яғни 275,2 мың теңге көлемінде субсидия тағайындалады. Сондай-ақ тұрғын үй жалдау және коммуналдық төлемдер үшін бір жылға 15-30 АЕК, нақтырақ айтқанда 59 мың-118 мың теңге аралығында төленеді.

Статистикаға сүйенсек, 2025 жылы 1834 адамға қолдау көрсетіліп, оның ішінде 428 адам тұрақты жұмысқа орналасқан. Айта кететін жайт, азаматтарды солтүстік өңірлерге қоныс аударуға қатысатын жұмыс берушілерді ынталандыру шаралары енгізілді. Экономикалық ұтқырлық сертификаты іске қосылды. 2025 жылы осы сертификатты 586 отбасы алған болатын. Биылдан бастап оның экономикалық ұтқырлық сертификатының мөлшері 1 625 АЕК-ке дейін ұлғайтылды. Бұл жай жәрдем емес, тұрақты орнығуға бағытталған саясат.

Барлық оң көрсеткіштерге қарамастан, бір маңызды мәселе бар. Қандастардың қоғамға және еңбек нарығына толық бейімделуі әлі де күрделі. Мәселен кейбір өңірлерде жұмыс табу қиын, дипломдар мойындалмайды, ал енді бір өңірде тілдік (кирилл, латын, төте жазу) айырмашылық бар. Сондықтан әлеуметтік ортаға сіңісу баяу жүреді. Нәтижесінде мемлекет бөлген қаржы тиімді игерілмей, көші-қонның стратегиялық мақсаты әлсірейді.

Мұны шешудің бірден-бір жолы қандастарға арналған кәсіби бейімдеу орталықтары керек. Әр қоныстандыру өңірінде біріншіден қысқа мерзімді мамандық курстары, екіншіден дипломды растау орталығы, үшіншіден тілдік және құқықтық бейімдеу бағдарламасы болуы тиіс.

Сондай-ақ жұмыс берушіге емес, қандасқа тікелей грант беру жолын қарастырған жөн. Мысалы, шағын бизнес ашуға грант, ауыл шаруашылығына техника лизингі немесе кәсіпкерлік оқыту мүмкіндігі қарастырылса құба құп. Яғни қандас тек жұмыс іздеуші емес, жұмыс берушіге айналуы керек.

Келесі бір маңызды тармақ – балаларға арналған ерекше білім бағдарламасы. Қандас балалары – елдің болашағы. Олар үшін тілдік қолдау, тегін үйірмелер, гранттық дайындық бағдарламалары ауадай қажет.

Елге оралған көп отбасы қандай көмек барын толық білмейді. Әр облыста «Қандасқа қызмет көрсету орталығы» болуы тиіс.

Қандастар көші – бұл әлеуметтік жоба емес, ұлттық стратегиялық саясат. Бұл демография, қауіпсіздік, еңбек ресурсы, ұлттық тұтастық мәселесі. Егер біз Атамекенге келген өз қандасымызды жай тіркеп қана қоймай, елдің толыққанды азаматы, экономиканың белсенді мүшесі, қоғамның тірегіне айналдыра алсақ – онда бұл саясат өзінің тарихи миссиясын орындайды. Қандасты көшіру – алғашқы қадам. Қандасты елге сіңіру – нағыз мемлекетшілдік.

Аружан ОРАЛБАЙ

Денсаулық сақтау саласына серпін

Аймақта медицина инфрақұрылымын жаңғырту да басты назарда. Мемлекет басшысының тапсырмасымен денсаулық сақтау саласын дамытуға бағытталған кешенді шаралар жүзеге асуда. Басты мақсат тұрғындардың сапалы медициналық қызметке қолжетімділігін арттыру.

Облыс орталығында, Президент паркі аумағында 48,5 млрд теңгеге 200 орындық перинаталдық орталықтың құрылысы басталады. Бұл орталық ана мен балаға мамандандырылған жоғары технологиялы медициналық көмек көрсететін заманауи мекеме болады. Мұнда қабылдау-қарау, стационарлық, диагностикалық, операциялық, реанимациялық бөлімдер, зертхана және ас блогы қарастырылған. Жүкті әйелдерге, босанушыларға және жаңа туған нәрестелерге арналған бөлімдер толық инженерлік инфрақұрылыммен жабдықталады. Жобалық шешімдер санитарлық-эпидемиологиялық талаптар мен заманауи медициналық стандарттарға сай жүзеге асырылады.

Сонымен қатар қаланың сол жағалауында 14,78 млрд теңгеге 500 орындық емхана салынады. Бұл – амбулаториялық, диагностикалық және күндізгі стационарлық көмек көрсететін қоспалалы медициналық мекеме. Мұнда педиатрия, акушерлік-гинекологиялық қызмет, шұғыл және мамандандырылған көмек, профилактика және мектеп медицинасы бөлімдері жұмыс істейді. Емханада 50 төсектік күндізгі стационар, орталық стерилизация, оқу кабинеттері, 50 орындық аудитория және 200 орындық конференц-зал болады.

Бұдан бөлек, Титов мөлтек ауданында 10 млрд теңгеге 400 орындық емхананың құрылысы басталады. Жаңа нысанда балалар мен ересектерге арналған емдеу-профилактикалық бөлімдер, функционалдық диагностика, стоматология, әйелдер консультациясы, бейінді мамандар кабинеттері және клиникалық-диагностикалық зертхана орналасады.

Жоспарланған бұл жобалар – Сыр өңірінің әлеуметтік инфрақұрылымын жаңа сапалық деңгейге көтеретін маңызды бастамалар. Бір жағынан рухани-мәдени кеңістік кеңейсе, екінші жағынан денсаулық сақтау жүйесі заманауи талаптарға сай жаңғырады. Бұл бастамалар аймақ тұрғындарының өмір сүру сапасын арттырып қана қоймай, Сыр өңірінің даму әлеуетін күшейте түсеріне сенім мол.

А.МАРАТҚЫЗЫ

Аймақта халықтың өмір сапасын арттыруға бағытталған ауқымды инфрақұрылымдық жобалар кезек-кезенімен жүзеге асуда. Өңірде бір мезетте мәдениет пен білім саласына, сондай-ақ денсаулық сақтау жүйесіне серпін беретін бірнеше ірі нысанның құрылысы басталмақ. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жаңадан салынатын әлеуметтік және мәдени ғимараттардың құрылыс алаңдарын аралап, жобалардың жүзеге асу барысымен танысты.

Руханият ордасы: жаңа кітапхана мен драма театр

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында Қызылорда қаласында жаңа драма театр мен тәулік бойы жұмыс істейтін заманауи кітапхана салу қажеттігін атап өтті. Президент тапсырмасына сәйкес, бұл нысандардың құрылысы биыл басталады.

Заманауи, көпфункционалды кітапхана инвестор есебінен салынады. Жоба құны – 20 млрд теңге. Ғимараттың жалпы аумағы 13 мың шаршы метрді құрайды және 1 миллионнан астам кітап қорын сақтауға мүмкіндік береді. Жыл сайын мұнда 250-300 мың оқырманға қызмет көрсету жоспарланған.

Кітапханада ашық форматтағы оқу залдары, электронды каталогтар, 50 адамға арналған цифрлық ресурстар бөлмесі, инновациялық медиа-зертхана және подкаст студиясы қарастырылады. Бұл тек кітап оқитын орын емес, ақпарат, білім және шығармашылық тоғысатын жаңа буын мәдени орталығы болмақ. Жоба өңір тұрғындарының заманауи ақпарат көздеріне қолжетімділігін кеңейтіп, зияткерлік ортаның дамуына жол ашады.

Ал жаңа драма театрдың салынуы Сыр еліндегі мәдени өмірге тың серпін беретін тарихи қадам. Қазақ театр өнерінің қарашаңырағы саналатын өңір үшін бұл үлкен рухани жаңалық. Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театры кейінгі жылдары халықаралық деңгейде танылып, бір жылдың ішінде төрт бірдей халықаралық фестивальде жүлде иеленген. Материалдық-техникалық база нығайып, мамандардың кәсіби дамуына және баспанамен қамтамасыз етілуіне жағдай жасалған.

Жаңа ғимаратта әртістердің сапалы дайындық жасауына, күрделі сахналық қойылымдар мен ауқымды декорациялар қолдануға мүмкіндік туады. Заманауи дыбыс жүйелері мен соңғы үлгідегі техникалық жабдықтар спектакль сапасын жаңа деңгейге көтермек.

ҚЫЗЫЛОРДАДА ІРІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ МӘДЕНИ НЫСАНДАР БОЙ КӨТЕРЕДІ





ШЫҒЫН БАҒЫНДЫРҒАН ҚАЗАҚ БАЛУАНЫ

Еліміздегі грек-рим күресінен алғашқы алтынды қанжығасына байлаған тұңғыш қазақ балуаны Жақсылық Үшкемпіровтің туғанына – 75 жыл. Ел намысын асқақтатқан күш иесі – Жамбыл облысының тумасы. Ол Байзақ ауданына қарасты Тегістік ауылында, берекелі де тәрбиесі терең отбасында өмірге келген. Әулетінде көптен күткен ұл болып, әке-шешесінің махаббатына, әжесінің мейіріміне бөленіп өседі. Бала күннен-ақ үлкенге құрмет, кішіге ізет танытып, ұлттық тәрбиені бойына сіңіріп ер жетеді.

Спортшы өзінің «ҚазАқпарат» сайтына берген сұқбатында балуан болуды, Олимпиада жүлдегері атануды мүлдем ойламағанын айтады. Ол 1968 жылы Семей қаласындағы мал дәрігерлік институтына оқуға түседі. Барлығы сол институт қабырғасында басталады. Оқып жүріп күрес үйірмесіне жазылып, сол жерде өз салмағында республика чемпионы атанды. Міне, дәл осы жерден күрескер спорттағы даңқты мансабын бастады. Күрес жолында румыниялық балуан Константин Александрмен қарсыласып, 1980 жылы 22 шілдеде Олимпиада медалін жеңіп алды.

«Күрес басталар алдында мінберге көз салдым. Маған ол жерде он мың қазақ отырғандай көрінді. Сол сәтте халықтың қолдауын сезініп, бойыма қуат күйылғандай шабыт алдым» – деп Мәскеу төрінде болған Олимпиада ойынындағы ішкі толғанысын жеткізеді.

Бұл жеңіс – тұтас қазақ жұртының аңсап күткен жеңісі. Қазақ балуандарының ортасынан бірінші

болып Олимпиада кілеміне шығып тұр. Қанша уақыт алтынды аңсаған бүтін бір елдің аманатын арқалау оңай ма?! Дәл осы сұраққа Жақсылық Үшкемпіров «Бүгін не жеңем, не осы боз кілемде өлем!» – деп іштей ант бергенін кейін сұқбаттарында баяндайды.

Еңбек сіңірген спортшының құрметіне Сәуле Досжан «Біртуар» атты кітап жазды. «Жақсылық» атты кинофильм де көрерменге жол тартты. Жақсылық Үшкемпіровтің досы, әрі серігі, ақылшысы бола білген Шәміл Серіковті де тілге тиек етсек, ол – балуанның жеткен жетістіктеріне өз үлесін қоса білген жан. Қазақстаннан шыққан екінші грек-рим күресінен әлем және олимпиада чемпионы.

Жақсылық ағамыз өз серігі жайлы былай дейді: «Қарсыластан жеңіліп келе жатқанымда тренерімнің де даусын естуге мүмкіндік болмады. Сол сәтте Шәмілдің даусын естідім. «Түйе құсап шайқа, түйе құсап шайқа» деген қазақша сөзден Шәмілдің даусын жазбай таныдым. Сонша айқайдың ішінен қазақтың

дауысы құлағыма анық жетті. Шәміл хас талант қой, күресті сыртынан бақылап тұрып ең керек сәтте, ең керек кеңесті берді. Егер сол сөзі болмағанда, бәлкім менің Олимпиада чемпионы болмай қалуым да әбден мүмкін еді».

Жақсылық Үшкемпіровтің ғұмыры – жеңіс пен еңбекке, отаншылдық пен адамдыққа толы өнеге. Ел ауызға салып айтарлықтай қарапайымдылығы бүгінгі жастарға үлкен үлгі. Тек Олимпиада чемпионы емес, ұлт рухын көтерген дара тұлға. Мұндай азаматтар уақыт өткен сайын аңызға айналып, халық жадында мәңгі сақталары хақ.

Назым ЖӘНІБЕК,
№268 мектеп-лицейінің оқушысы
Жетекшісі: Базаркүл БАДАНОВА

ШОТЛАНДИЯ:

ҚЫЗЫЛ ЕСІКТІҢ СЫРЫ НЕДЕ?

Шотландия сәулеті – ұстамдылықтың, қаталдық пен қарапайымдылықтың көрінісі. Тастан қаланған коттедждер, күнгірт қасбеттер, сұр мен қоңыр түсі басым көшелер... Мұның бәрі адамды еріксіз орта ғасырға жетелейтін секілді. Алайда осы салмақты көріністің арасынан кейде көзге оттай басылатын бір бөлшек бар. Ол – қызыл есіктер. Бұл жай ғана сән үлгісі ме, әлде терең мағынасы бар дәстүр ме?



Аружан ОРАЛБАЙ

ОН ЖЫЛДАҒЫ ӨЗГЕРІС

Қазір әлеуметтік желіде осыдан 10 жыл бұрын түскен суреттерін жариялау кезекті «настольгияға» толы трендке айналды. Біз де трендті ескере отырып, өткен он жылдағы өзгерістерге шолу жасауды ұйғардық.

2016 жылдан 2026 жылға дейінгі он жыл – адамзат үшін толқулы, өзгерістерге толы уақыт болды. Бұл онжылдықта ғылым мен техника, мәдениет пен спорт, қоғам мен өмірдің көп саласында талай жаңалық пен феномен өмірге келді. Әр дәуір секілді, бұл кезең де бізді таңғалдырды, шабыттандырды, кейде өзгерістерге жетеледі.

Өмірімізге жасанды интеллект санаулы уақыт бұрын ғана еніп, оның игілін енді көріп бастасақ та, сонау 2016 жылы бұл туралы жиі айтыла бастаған еді. Қазір ЖИ-дің дамығаны сонша, өмірдің кез келген саласында кездеседі. Мысалы, жасанды интеллект негізінде құрылған құралдар ауруларды ерте анықтау (МРТ,ЭКГ аппараттары), тілдерді аудару, бейне контентті өңдеу секілді салаларда адам мүмкіндігін арттырып жатыр. Тіпті қолданыстағы «Алисамыз» да осы ЖИ-дің бөлігі.

2020 жылы әлемді жаулаған COVID-19 пандемиясы бейбіт аспан астында өмір сүріп жатқан қаншама халықтың қорқанышы болды. Адамзат тарихында мұндай жаппай вакцина өндірісі бұрын-соңды болмаған жылдамдықпен жүзеге асты. Бұл дерт өткен онжылдықтағы ең тарихи әрі күрделі кезеңнің бірі болып есте қалды.

Сондай-ақ кино мен медиа саласында да бірнеше феномен туғаны мәлім. Мәселен, «Marvel» кинокомпаниясының «Мстители: Финал» фильмі 2019 жылы бүкіл әлем бойынша рекордтық табысқа жетті.

Қазақстандық өнер әлемін айтып өтпеске болмас. Димаш Құдайбергін – отандық әнші, дауысының диапазоны мен сахнадағы шеберлігі арқылы



әлемдік аренада танылып, халықаралық аудиторияны жаулап алған тұма талант. Оның танымалдылығы 2017 жылы «Singer-2017» телевизиялық байқауына қатысқалы тоқтаусыз арта бастады. «Әр қазағым – жалғызым» демекші, қазақтың рухын көтеріп жүрген азаматтың еңбегін жұрт бағалайды. Бұл да қазақ елінің 2016 жылдан бері жеткен ең маңызды жетістіктерінің бірі десек артық айтпаймыз.

Бұл кезеңде әлеуметтік медиа тұтқасы айтарлықтай кеңейді. «Instagram», «TikTok», «YouTube» секілді платформалар жастар мәдениетін анықтайтын басты алаңға айналды. «TikTok»-тың бір ғана жылда миллиардтан астам қолданушысы жинауы – цифрлы коммуникацияның жаңа форматын дүниеге екелді. «Таланты бар, танысы жоқ» дарын иелері осы платформалардың арқасында танылып, армандарына қол жеткізді.

Әлем чемпионаттары, Олимпиадалар – әрқашан адамзаттағы ең жоғары спорттық рухтың көрінісі. 2021 жылғы Токиода өткен Олимпиада пандемияның қиын шағында өткізілсе де, түрлі рекорд пен жарқын сәттердің арқасында есте қалды. Қазақстан спортшылары да әлем аренасында өзіндік

орнын айқындап, ауыр атлетика, бокс секілді салаларда табыстарға жетті.

2020 жылдардағы «Black Lives Matter» қозғалысы әлемдік қоғамдастықты әлеуметтік әділеттілік, тең құқықтар мәселелеріне назар аударуға итермеледі. Бұл қозғалыс расалық теңдік пен адам құқықтарының сақталуын талап ететін көптеген азаматтық бастамаларды тудырды. Қазақстанда да әлеуметтік теңдік, еңбек құқығы сияқты мәселелер қоғам талқылайтын негізгі тақырыптардың біріне айналды.

2016-дан 2026-ға дейінгі он жыл – адамзат тарихында маңызды бетбұрысқа толы уақыт болды. Бұл кезең технологиялық серпіліс, мәдени жаңғыру, қоғамдық өзгерістер мен экологиялық сананың оянуы арқылы ерекшеленді. Алдағы он жылдықтың да келесі жетістіктерге толы боларына сеніміміз мол һәм сол күнге аман-есен жетейік, құрметті оқырман!

Қорлан САРЫ

Қаржылық еркіндіктің нышаны Шотландияда үйдің кіре беріс есігін қызыл түске бояу кездейсоқ таңдау емес. Бұл үй иесінің өміріндегі маңызды кезеңнің белгісі. Дәстүр бойынша, үй иесі ипотекалық қарызын толық өтеген кезде есігін қызыл түске бояған. Яғни, бұл «Енді бұл үй расымен менікі!» деген үнсіз, бірақ айқын мәлімдеме.

Бүгінгі көзқараспен қарасақ, бұл дәстүр біреуге оғаш көрінуі мүмкін. Алайда оның тамыры тереңде жатыр. Бір кездері жеке меншікке не болу сирек бақыт, үлкен мәртебе саналған. Сондықтан үйдің толық өз меншігіне айналуы тек тұрмыстық жағдай емес, нағыз өмірлік жеңіс еді. Сол сәтті шотландтар жай атап өтпей, көзге көрінетін белгімен бекіткен.

Қызыл бояу құтысын ашып, қылқаламды малып, есікті бояу қарапайым әрекет емес, өзіңше бір ритуал, ұзақ жылдық еңбектің, төзімнің, жауапкершіліктің символы саналады.

Неге қызыл түс?

Бұл сұрақтың жауабы да тарих қойнауында. Бірнеше ғасыр бұрын қызыл бояу өте қымбат болған. Оны сирек кездесетін пигменттерден жасағандықтан, мұндай бояуды тек ауқатты адамдар, ақсүйектер, дінбасшылар немесе патша әулеті ғана пайдалана алған. Сол себепті Ұлыбритания мен Шотландия қалаларындағы қызыл есіктер байлықтың, ықпалдың,

жоғары мәртебенің белгісі саналған.

Уақыт өте келе бұл түс тек сән емес, еркіндік пен тәуелсіздіктің символына айналды. Ипотека қамытынан құтылған адам қызыл есік арқылы өз жетістігін ғана емес, қоғамдағы орнының нығайғанын да меңзеген.

Бүгінде бұл дәстүр бұрынғыдай қатаң сақталмайды. Көпшілік үшін қызыл есік жай ғана дизайнерлік шешім. Дегенмен әлі күнге дейін осы салтты құрметтейтіндер де бар. Себебі ол ұзақ жолдың, табандылықтың, арманның орындалған сәттің көрінісі болса керек.

Қызыл есік – әлем мәдениетінде

Қызыл есіктің мағынасы тек Шотландиямен шектелмейді. Әр елде ол әртүрлі мағынада түсіндіріледі. Мәселен АҚШ-та қызыл есік жолаушыға «мұнда сізге пана, ас, қонақтың орын беріледі» деген белгі болса, Шығыс елдерінде, әсіресе Қытайда қызыл түс – бақыт пен берекенің нышаны. Мұнда қызыл есік «Қош келдіңіз» дегенді білдіреді. Ирландияда түрлі-түсті есіктердің көп болуы тарихи қарсылық белгісі әрі жын-шайтаннан қорғандың жолы деп саналған. Католик шіркеулерінде қызыл есік Христостың қанын бейнелейді, ол қасиеттілік нышаны саналады. Ал Францияда қызыл есік жаман күштерді үйге жолатпайды деген сенім қалыптасқан. Сондай-ақ қадым заманда Ұлыбританияда қызыл есік байлық пен әлеуметтік мәртебені білдірген. Қызығы, қазір де көптеген ағылшындар үйінде осы дәстүр сақталған деген дерек бар.

Шотландиядағы қызыл есіктер жай архитектуралық деталь емес. Олар адам еңбегінің нәтижесі, қаржылық тәуелсіздікке жетудің қуанышы, жеке меншіктің қадірін сезіну және өткен дәстүрге деген құрмет.

Қызыл есік – жаңа кезеңнің бастауы, қиындықтарды жеңудің белгісі, «Мен қол жеткіздім» деген үнсіз мақтаныш. Кейде бір ғана бояу түсі бүтін бір өмір тарихын айтып бере алады.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10
БАС РЕДАКТОР
Дәулет ҚЫРДАН

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы
Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz

Кезекші редактор:
Нұршат НЫШАНОВА

Таралымы: 5110
Тапсырыс: 195